

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ



**Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған
«Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы
мектепке дейінгі білім беру саласының
педагогтеріне арналған
Республикалық Педагогикалық оқуларының**

ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

**Республиканских Педагогических чтений
для педагогов в сфере дошкольного образования
«Даланың алып қоңырауы»,
посвященные 180-летию И.Алтынсарина**

**Нұр-Сұлтан
2021**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ базасында жинақталған*

*Составлено на базе РГУ «Институт раннего развития детей»
Министерство образования и науки Республики Казахстан*

Редакция алқасы:

Адамова М.Е. п.ғ.к.

Ерманова М.Н.

Бликова Ж.Б.

Хаменова М.О.

Сарсембина Б.К.

Тажибаева А.Ж.

Кенжеахметов О.С.

Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтеріне арналған Республикалық Педагогикалық оқулары жинағы / Сборник Республиканских Педагогических чтений для педагогов в сфере дошкольного образования «Даланың алып қоңырауы», посвященные 180-летию И.Алтынсарина. Нұр-Сұлтан, қараша, 2021 жыл. – Нур-Султан, ноябрь, 2021 год – 91 б.

Жинаққа Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтеріне арналған Республикалық Педагогикалық оқуларына қатысушылардың баяндамалары енгізілді.

«Балаларды ерте дамыту институты» РММ 2021ж.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» ұлы ағартушы-педагог, ұлт ұстазы, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы Республикалық Педагогикалық оқуларын өткізді.

Педагогикалық оқулардың мақсаты жұмыс тәжірибесінде үздік педагогикалық идеяларды қолданатын, балалармен жұмыста шығармашылық танытатын креативті және дарынды педагогтерді анықтау.

Міндеттері:

- Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраларын зерделеу және насихаттау;
- педагогтердің шығармашылық қабілеттерін іске асыруға жағдай жасау;
- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби қарым-қатынасы мен шығармашылық өзара ынтымақтастық саласын кеңейту болып табылады.

Педагогикалық оқулар:

1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары.
2. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту: тәжірибесі және болашағы.
3. Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық әдістер мен тәсілдер бағыттарында өтті.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс деп атап көрсетілген. Педагогтің рөлі мектепке дейінгі жастағы балаларға денсаулық, қарым-қатынас, математика негіздері және білім берудің басқа да салалары бойынша білімді бойларына дарыту болып табылады.

Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға бағытталуы қажет. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың басым бағыттарында педагогтердің тәжірибе алмасуы, кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, өзін танытуға мүмкіндік жасау қарастырылады.

Осыған орай жинаққа Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы» тақырыбындағы Республикалық Педагогикалық оқуларына қатысушылардың баяндамалары енгізілді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ИДЕЯЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ

*Бабағұмарова Шынар Бабағұмарқызы
«Балбөбек» шағын орталығының тәрбиешісі
ШҚО білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің
«Кеңсай орта мектебі» КММ*

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы болашақтың айқын жолына бағытталған. Н.Ә.Назарбаев бағдарламалық құжатта «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді деп айтты. Халқымыздың құндылықтарын сақтай отырып, оның дамуына жағдай жасау керектігі де айқындалды. Мақалада «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған халықтық педагогиканың алатын орны ерекше.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде халықтық педагогиканың идеялары мен тәжірибесін барынша пайдалану үшін шексіз мүмкіндіктер пайда болды. Ыбырай Алтынсариннің халық педагогикасының идеяларын жүзеге асырудағы ойлары мен көзқарастары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

Ыбырай Алтынсарин бірқатар шығармаларында халықтық педагогиканың тағы бір идеясын – еңбектің ұлылығын дәріптейді.

Ы. Алтынсаринді біз педагог-ағартушы, ғалым, ақын, публицист және балалар жазушысы ретінде білеміз. Ыбырай өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік-эстетикалық мұраттарды тәрбиелеудің қайнар көзі ретінде халықтық педагогикаға ерекше назар аударды. Бүгінгі күні оның шығармалары мектепке дейінгі оқу құралдарында лайықты орын алады. Өйткені, оның шығармалары Отанымыздың тарихи мұрасын көрсетеді.

Халықтық этнопедагогиканың пайымдауынша ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады. Зер салып қарайтын болсақ, ойындар қазақтың ұлттық ерекшелігімен, күнделікті тұрмыс тіршілігімен тығыз байланысты болған және адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталады. Қазақ ғұламалары негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген,

нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды дамытып отырған.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикасы негізінде қалыптасқан халықтық педагогика мектепке дейінгі ұйымда кеңінен колданылуда.

Назарларыңызға ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар жиынтығынан құралған заманауи тұрғыдағы «Даналық» үстел үсті ойын түрін ұсынып отырмыз.

Дәстүрлі ұлттық ойындарды, халқымыздың мәдени-рухани құндылықтарын жас бүлдіршіндердің бойына сіңіру тәрбие мен білімнің алғашқы ошағы мектепке дейінгі ұйымдарда беріледі.

«Даналық» үстел үсті ойыны баланың жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осы ойын арқылы өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақжайлылығын айқын көруге болады. Бұл ойынның тәртібін бұлжытпай орындау баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіптікке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді, ол атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымыздан құралған. Бүгінгі күн талабы баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу екендігін ұмытпау керек. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, ойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті болып табылады, яғни ойын баланың жетекші әрекеті. Бірақ ойын тек қана балаларды қызықтырып уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Бала тәрбиесінің басты құралы ретінде бұл ойын зеректілікті, ептілікті, икемділікті қажет етеді. Ойын – тәрбие құралы, ойын барысында бала өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық танытады, ақыл-ойы дамиды, сөздік қоры байытылады.

Мақсаты: «Даналық» үстел үсті ойынымен таныстыра отырып, ойын шартын бұзбай ойнауға үйрету. Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балаларды қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын сақтауға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін дамытудағы ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып салт-дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. Ойынды ойнау барысында көру арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру, тілін ұстарту, сөздік қорын кеңейту, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ойында шеңбер бойында балалар тізбектеліп отырады. Бастаушы бала сан берілген текшені иіреді, түскен санды көріп, арнайы жүру белгісімен белгіленген санға байланысты жүреді. Тоқтаған жерінен картотеканы ашып ол суретте не бейнеленгенін түсіндіріп айтып береді (ұлттық ойын түрі, ұлттық тағам, ұлттық киім, салт дәстүріміз бейнеленеді). Дұрыс жауабын тауып айтқан бала оюлы жетонға ие болады. Ойын соңында кімде көп жетон болса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойынды ойнау барысында баланың жас ерекшелігі ескеріледі.

Ұлттық «Даналық» үстел-үсті ойын құралдарынан мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттіліктерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған дидактикалық ойындар арқылы балалардың топтастыру, беттестіру, құрастыру қабілеттерін дамытуға болады.

Бұл ойынды басқа да тәрбие құралдары ретінде бала тәрбиесінде кеңінен қолдануға болады. Оның теориялық және тәжірибелік бағыттары негізге алынып ойынның жүру барысы түзіледі. Осы ойын негізінде педагогикалық жұмыстардың қағидалары мен әдістемелері жасалады.

Осы ойынды өз тәжірибемде тәрбие құралы ретінде қолданамын. Бұл ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттаудың бірден-бір тиімді жолы және ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жетуін қамтамасыз ету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К. Омарова Ыбырай Алтынсарин тәлім-тәрбие туралы. // «Қостанай жаңалықтары» - 2001.-14 тамыз.- Б.1.

2. Шаяхметов А. «Родник, утоляющий жажду» [Текст] // «Ленинский путь» - 1991.-22 июня. – С.4.

3. Қазақстанның педагогикалық ойларының антологиясы. // Құрастырған Қалиев С., Аюбай К. Алматы, 2012 – 129 б.

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШЛІК- ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ («Кішкентай мультипликаторлар» жобасы)

*Кулманова Рабига Нурлаевна
«Мирас» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры»
қоғамдық қорының Атырау
қаласындағы филиалы*

Ы. Алтынсарин – қайталанбас тұлға, қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасы мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу.

Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі.

Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі – өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы

қазақ балаларының бойына сіңіре білді. Алтынсарин қазақ балаларын туғаннан дарынды, зерек деп сипаттайды.

Ы. Алтынсариннің шағын әңгімелері, өлеңдері балаларды адамгершілікке, еңбекке баулиды және үлкендерді, халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге, туған жерін, табиғатын сүйуге тәрбиелейді. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып келеді.

Ы.Алтынсариннің шығармаларын тәрбиелік мәні бойынша бірнеше бағытқа бөлуге болады:

- адамгершілік, мейірімділік, сабырлыққа тәрбиелеу («Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Жаман жолдас», «Мақта қыз бен мысық»)
- еңбекке баулу («Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»)
- туған жерге, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту («Таза бұлақ», «Жаз», «Туған өлке»)
- үлкендерді құрметтеу («Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Шеше мен бала»)

Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбиеге үлкен мән берді. Адамгершілік оның жеке басының өзегі болды. Ағартушының «**Аурудан аяған күштірек**» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпаған болармыз. Ыбырай осы әңгімесінде адамдық қасиеттерді жақсы сипаттаған, мұнда Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген бала, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы – Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына нық етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы – осы. Бұл әңгімені осылай түсінгенде ғана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз.

Сонымен қатар, оның әңгімелері бала тәрбиелеу мәселесіне негізделген «**Бақша ағаштары**» деген шығармасы ерекше көңіл аударарлық. Бұл әңгімесінде Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беріп, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деп жазды.

«Баланы жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін қажет. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түсетінін айтады.

Ы. Алтынсарин шығармаларында еңбектің аса зор маңызы көрсетіліп, еңбекті қадірлеуге және сүйуге тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Жазушы «**Атымтай жомарт**» - әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ретінде ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен анық көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетіммен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен», - деп балаларды ерінбей еңбекқор болуға шақырды.

Ы. Алтынсариннің «**Әке мен бала**» - деген шығармасы да еңбекке баулуға арналып жазылған. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып», бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл – жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Балалар бұл шығарманы рөлдерге бөлініп, мұндағы кейіпкерлердің рөлдерін сомдады. Еңбек туралы мақал-мәтелдер айтып, ерінбей еңбек еткен адам түбінде жақсылыққа жететіні, еңбектенген адам барлық қиыншылықты жеңе алатыны туралы білді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды Ы. Алтынсариннің шығармаларына қызығушылығын арттыру мақсатында бөбекжай-бақшада **«Кішкентай мультипликаторлар»** жобасы ұйымдастырылды.

Балалармен **мультфильм** жасау – бұл балалардың әртүрлі әрекеттерінің түрлерін біріктіретін көпқырлы шығармашылық процесс: сөйлеу, ойын, танымдық, бейнелік және т.б. біріктіретін жобалық қызметтің заманауи инновациялық түрі.

Мультипликация – телевидениенің ажырамас бір бөлшегі. Ол тек бүлдіршіндердің ғана емес, олардың ата-аналарының да өміріндегі маңызды дүние. Сондықтан мен өз жұмысымды қазақ жазушыларының шығармаларына балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты әрі түсінікті тілде мультфильм түсіріп, оларды өз қызметімде пайдалануды жөн көрдім.

Мультфильм жасау үшін алдын ала жұмыстар жүргізілді. Алдымен балалармен «Менің сүйікті мультфильмім» әңгімесі өткізілді, оның мақсаты – балаларды осы жобаның проблемалық мәселелеріне бағыттау. Әңгімелесу барысында балалар өздерінің сүйікті мультфильмдері, ондағы кейіпкерлері туралы әңгімеледі. Мультфильмнің не екенін, оның қалай жасалатынын, қандай түрлері болатынын, ондағы кейіпкерлердің өмірге қалай келетінін, оларды қалай жандандыруға болатынын білді және балаларға таныс емес «аниматор», «суретші-аниматор», «режиссер», т.б. мамандықтармен таныстық. Сондай-ақ, әңгіме барысында «Біз де мультфильм жасай аламыз» деген тұжырымға келдік.

Келесі жұмысымда мультфильмге тақырып таңдауға кірістік. Жобаның басында Ы.Алтынсарин туралы білімдерін толықтырып, балаларды ұстаздың шығармаларымен таныстырдым. Сол шығармалардың ішінен **«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»** шығармасына тоқталдық. Себебі бұл шығарма шағын мәтінді, балалардың есте сақтауына оңай, әрі берер тәрбиесі мол. Балаларға әңгіме оқылып, сұрақтар қойылды:

Балалар әңгімені кім жазды?

Өрмекші не істеп жүр екен?

Ал, құмырсқа ше?

Қарлығаш не істеп жүр?

Атасы баласына қандай ақыл айтты?

Бұл шығарма не туралы?

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа деп, оларды балаларға үлгі ете отырып, еңбек етуге шақырды.

Балалар өздері қалаған шығармаларынан мультфильм жасауға болатынын қуана қабылдады. Әрі қарай балаларды мультфильм түрлерін (салынған сурет, ермексаздан бейнелерді мүсіндеу немесе қуыршақтардан құралған) таңдау ұсынылып, өздері қандай мультфильм түрін түсіргілері келетіні таңдалды. Балалар кішкентай аниматорлар болып, мультфильмді ермексазбен бейнелеуді таңдады. Ол үшін бізге сценарий, кейіпкерлер, декорация керек екенін түсініп, дайындауға кірісті. Алдымен кейіпкерлердің диалогі мен олардың көңіл-күйлеріне назар аудара отырып, сценарий құрылды. Мультфильм жасау үшін аниматорларға не қажет екені талқыланып, олар топтарға бөлініп бір топ кейіпкерлерді; атаны, баланы, құмырсқаны, өрмекшіні, қарлығашты бейнелеуге кіріссе, енді бір топ балалар қажетті заттарды; өрмек, нан талшығы, қарлығаштың аузына тістеген шөбін, фонға керекті ағаштарды мүсіндеді, бір топ балалар декорация жасауға кірісті.

Жұмыс барысында балалардың бірін-бірі тыңдап, көмектесіп, бір-бірімен келісе топтасып жұмыс жасауы, рөлдерге бөлінуі, өз ісін аса қызығушылықпен орындауы қуантты.

Барлығы дайын болған соң, балалар рөлдерге бөлініп, сценарий бойынша кейіпкердің әр ісі жеке кадрларға түсірілді. Кейіпкердің әр қимыл-қозғалысы неғұрлым анық болуы үшін кейіпкерді әрекетіне сәйкес қозғап, әр қимыл-қозғалысына кадрлар жасалады. Сценарий бойынша әр қимыл-қозғалысқа қарай декорация өзгертіліп тұрады. Кадрлар түсіріліп, дайын болған кезде, кейіпкерлердің рөлдегі сөздері аудиожазбаға нақтыланып жазылады. Әрмен қарай барлық материалды жинап өңдейміз. Бейне өңдегішіне түсірілімді жүктеп және оны ретімен біріктіреміз. Одан соң аудиожазбадан дыбысты қосу, кадрлар арасында ауысуларды қосып, өзімізге қажетті жылдамдыққа қоямыз. Өңделген мультфильмді қалаған форматта сақтауға болады.

Бұл жобаның балаларға берер әсері мол. Балалар бұл жобаны соңына дейін жеткізгендеріне, өз жетістіктерін көріп қуанды. Жоба балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай олардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді. Ермексазбен жұмыс жасауда баланың ұсақ моторикасы дамиды, мидың екі жарты шары бір уақытта жұмыс істеуге үйренеді, қиялы, ойлауы дамиды, шығармашылық қабілетін ашады, зейінділігін арттырады, эмоционалды жағдайды қалыпқа келтіреді, бұл әсіресе гиперактивті балалар үшін маңызды, баланың ойнап отырып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жақсарады және де болашақта жазу мен сурет салуды тез үйренуге көмектеседі. Балалардың ақпараттық мәдениеті мен ойлау логикасы дамиды және құрдастарымен, ересектермен шағын жобалық топтарда бірін-бірі тыңдап, бір-бірімен келісіп, бірлесе жұмыс істеуге үйренеді.

Бұл жобада мультфильм жасауды Ы.Алтынсариннің шығармаларымен біріктірген себебім балабақша қабырғасынан кішкентай бүлдіршіндеріміз

ұлағатты ұстаздың шығармаларын тындап тәлім-тәрбиесін құлағына сіңіріп, еңбекқор, адамгершілігі мол, мейірімді, үлкенді құрметтейтін бүлдіршіндер болып өссін деген мақсатпен алынды. Болашақта Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларын іс жүзінде жүзеге асыруды жоспарлап отырмын.

Әдебиеттер:

1. «Ы.Алтынсарин тағылымы»: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер /Құрастырған М. Жармухамедов - Алматы: Жазушы, 1991 ж
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008ж, № 4,5
3. «Бес ғасыр жырлайды». Алматы, «Жазушы», 1989 I том
4. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006ж
5. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
6. Ы.Алтынсарин «Таңдамалы шығармалары». Алматы, 1998 ж
7. Ғ. Қайырбеков Дала қоңырауы: Ыбырай Алтынсарин өмірінен кітап – Алматы: Жазушы 1987 – 180 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ Ы. АЛТЫНСАРИННІҢ ИДЕЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

*Темирбекова Назгуль Жумагуловна
№39 «Балдәурен» бөбекжай - бақшасы,
педагог-психолог, Тараз қаласы*

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Ы.Алтынсариннің идеяларын қолданудың өзектілігі

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсаринді танып білудің өзектілігі мол. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауларында және өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық бірегейліктің сақталуы, қоғамды сананы жаңғырту – ұлттық мұраларымызды сақтау, яғни, ана тілін, ұлттық дәстүр, ұлттық сана-сезім, ұлттық болмыс, әдет-ғұрып, мәдениет, музыка, әдебиет, өнерді қастерлеу, – деп атап көрсеткен. Елбасымыз «Тарих толқынында» кітабында Ыбырай Алтынсаринді Қазақстандағы халық ағарту ісінің тұңғыш абызы деп атады.

«Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты жобалар ұлттық код тұрғысынан өзектелінуде. Бұл жобалардың тарихи бастаулары ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ демократ ағартушыларының, оның ішінде ұлт ұстазы «Даланың алып қоңырауы» Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасында айқын орын алған.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балалары үшін ана тілінде құнды әңгімелер мен өлеңдер жазған.

Заманауи білім беру саласының стратегиялық мәселелерін қарастырғанда ағартушы-педагогтің бай мұрасын терең зерделеп пайдалану қажеттігі туындап отыр.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін нақтылауда мәдени-танымдық, этнопедагогикалық тұғырлар аясындағы жүйелілік, ақиқаттылық, баламалық, мәндік талдау, генетикалық, тарихилық және қисындылық, тұжырымдамалық бірлік ұстанымдары басшылыққа алынды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұралары өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылатындығы ақиқат.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Ы.Алтынсариннің идеяларын іске асыру

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Ы. Алтынсариннің идеяларын іске асыру жұмыс жоспары

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Өткізілетін орны
1	Ата-аналарға кеңес беру: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың тәрбиесіндегі Ы.Алтынсарин шығармаларының орны»	Қыркүйек	топта
2	«Даланың алып қоңырауы» Ы.Алтынсариннің өмірі және шығармашылығымен балаларды таныстыру.	Қазан қарша	Музыка залы
3	Балалармен, ата-аналармен сурет көрмесін ұйымдастыру «Менің сүйікті әңгімем»	Желтоқсан	Топта
4	«Менің сүйікті өлеңім» мәнерлеп оқу сайысы	Қаңтар	Музыка залы
5	Балалармен, ата-аналармен «Ғылым таппай мақтанба...» жобалар жинағы	Жыл бойы	Топта, үйде
6	«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»	Ақпан	Әдістемелік кабинет
7	Театрландырылған көрініс «Әке мен бала»	Сәуір	Музыка залы
8	Презентация. мектепалды даярлық: «Кел балалар оқылық»	Мамыр	топта

Осы жұмыс барысында ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінде Ы.Алтынсарин шығармаларының маңыздылығын түсініп, «Жеміс ағаштары» атты әңгімесінде тәрбиеде үлкен мән бар, ақыл кеңесті алмасаң анау тұрған үлкен, қисық ағашқа ұқсап өсесің деп әке баласына берген ақыл ғибратын келтіру арқылы тәрбие жөніндегі көзқарасын білдіреді және адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, бала тәрбиесіне үлкен мән беру жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен қатар келетіндігін жазған. Сонымен қатар «дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, сіңеді» - деп тұжырым жасайды. Ы.Алтынсарин өз шығармаларында балаларды адамгершілік қасиеттерге баулып отыру білім беру ұйымы мен ата-ананың ортақ міндеті деп түсінді. Осы идея Алтынсарин әңгімелерінің арқауы болып табылады. Ол – еңбек адамның өмір туралы көзқарасын кеңейтіп, оның бойында жақсы қасиеттердің (кішіпейілділік, мейірімділік, зеректік, әдептілік, жинақтылық,

жомарттық) қалыптасуына әсерін тигізетінін, сондықтан әрбір ата-ана еңбектің осындай жасампаздық қасиетін балаға кішкентайынан ұғындыра білудің қажеттігін айтады.

Мәнерлеп оқу сайысы, жобалар жиынтығы, драмалау әдістері мектеп жасына дейінгі балаларды адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады. Жалпы еңбекті қадірлеу Ы.Алтынсариннің шығармаларының басты тақырыбы.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Ы. Алтынсариннің идеяларын жұмыс тәжірибесінде қолдану.

Ұлы ұстаздың қандай да шығармасын алсақ та баланың санасын оятып, оларға үлгі-өнеге берерлік, болашақана жол сілтерлік, оларды іс-әрекетке үйретіп өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, Отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық және т. б. осылар тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды.

Сонымен қатар, Ыбырайдың қазақ ауыз әдебиетінің шығармаларын да мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мақсаттарына пайдаланамыз. Қазақ халқының ауыз әдебиетінен жеке ертегілерді, мысалы батырлар жырының үлгісі «Қобыландыны» алсақ. Қобыланды батыр – халқы үшін ең қиыншылық кезеңде тамаша ерлік көрсеткен жаудан елін қорғаған батыр. Бұл дастанда балаларға, әсіресе, батырдың аты Тайбурылдың шабысы қатты ұнайды.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиетке баулу мақсатында Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясына енген тәлім-тәрбиелік мәні өте зор шығармаларына шолу, талдау жасасақ, бұл шығармалар қысқа болғанымен таза ақыл беретін, өзіне тән белгілі тәрбиелік идеясы бар туындылар. Мысалы: «Әке мен бала» (жалқаулықты сынайды), «Асыл шөп» (сабырлықты), «Шеше мен бала» (қайырымдылықты), «Кішіпейілділік», «Түлкі мен ешкі» (өтірікшілікті), «Жаман жолдас» (қара басының қамын ойлауды), «Қисық ағаш» (қыңырлықты), «Таза бұлақ» (адалдықты уағыздайды) және т.б.

Балаларға арналған хрестоматияға енгізген мақалалары мен әңгімелерінде ағартушы-ұстаз еңбектің аса зор маңызын көрсетіп, еңбекті қадірлеуге және сүйюге тәрбиелеу мақсатын көздейді. Еңбек етсең ғана көздеген мақсатына жетесің. Өмірдің ащысы мен тұщысын еңбек еткен адам ғана біледі.

Халық мақалдарынан да орын алған хрестоматияға енген мақалдар да бар. Олардан кейбіреулерінен мысал келтірейік: «Ерте тұрғанның ырысы артық», «Ойнақтаған от басады», «Ұят өлімнен күшті», «Талаптыға нұр жауар», «Саяқ жүрсең таяқ жерсің», «Ащы мен тұщыны татқан білер», «Алыс пен жақынды жортқан білер», «Кім жүгірсе сол озады», «Жатқанға жан жуымас», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», т.б.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Ы.Алтынсариннің идеяларын қолданудың қисындылығы мен дәйектілігі

Ыбырай Алтынсарин балаларға сапалы білім ғана беріп қойған жоқ, саналы тәрбие берді. Тәрбиенің түрлері – адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне баса назар аударды. Бала психологиясының жалпы сипаты туралы тақырыпты алғаш рет талдады. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді.

Өз шығармаларында адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтеріп, оны шешудің жолдарын іздестірді. Шығармаларының идеясы – шыншыл, еңбексүйгіш, әдепті, қоғам белсендісін тәрбиелеп және оларды ғылым-білімге үйрету еді. Ата-ананы сыйлау, құрмет тұту, ана қадірін түсіну, жақын достарын сыйлай білу керек деген жалпыхалықтық қағиданы әрқашан бала зердесіне салып отыру әрбір тәрбиешінің міндеті дейді. «Ананың сүюі» деген өлеңі бала жанын тебіренгізіп, ана қадірін ұғынуға үндейді. Ата-ананы сыйлай білген, оның қадір-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын болып өседі деген тұжырымды білдіреді.

«Баланы жастан» дегендей жас кезінен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң, қисығын түзеу қиынға түседі.

Баласының:

- Мына ағаш неге тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен? – деген сұрағына

Әкесі:

- Түзу ағашты қисық бұтақтан кесіп бағып қағумен өсірген, ал қисық ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен. Мұнда көп мәні бар. Сен де жас ағашсың, саған да күтім керек:

- Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып орнына келтіресің, жақсы түзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, - деп жауап береді.

Ұлы ұстаздың мұндай тәрбиелік маңызы бар әңгімелері адамзат баласы үшін қай заманда болсын құнын жоймайды.

Қазіргі кезеңде баланың өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы Ыбырай Алтынсариннің алға қойған мақсаттарына тоқталатын болсақ:

- балаларға жан-жақты және кең көлемде білім беру;
- ұстаздың ролін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару;
- оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру;
- балалардың білімін қосымша материалдармен толықтыру.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындаудағы ең бір пәрменді құрал-оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың

алтын мұрасын пайдалану. Ендеше бүгін алға қойған мақсат Ыбырай Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде Ы.Алтынсариннің идеяларын тәжірибеде іске асырылу деңгейі, нәтижесінің болуы

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, жастарды табиғаттың әсемдігін, адамның сезімін қабылдап, түсіне білуге тәрбиелейді, оның өлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологиялар да бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп-саралап оқыту, проблемалық оқыту, интерактивті, белсенді оқыту және т.б. алсақ, негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады.

Ы. Алтынсарин салған сара жол Тәуелсіз Қазақстанмен бірге қанатын кеңге жайып, жалғасын табуда. «Біз болмасақ,- сіз барсыз, сіздерге берем батамды, үміт еткен достарым» деген ұстаздардың ұлы ұстазы қазіргі жастарға кеңес береді, тәрбиелейді, ғибрат алғызады.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.

2. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин Ана тілі. 1991.

3. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969.

4. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. ІХ-ХІХ ғасырлар. Ғұлама тағылымы»: Оқу – әдістемелік құрал. Көкшетау: «Келешек 2030», 2011ж. 144-161бет.

5. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы. -Т.1-121б.

Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Сейтмуханова Айнагуль Жасқайратовна
Қ.Сәтбаев атындағы жалпы
орта білім беретін мектебінің
мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі
БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы*

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін

себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді.

Ы. Алтынсарин шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады.

Ыбырай Қазақ хрестоматиясына: «Қара батыр», «Байұлы», «Жиренше шешен», «Тазша бала» туралы ертегі, «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала», т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағытталған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті.

Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға бұруда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады.

Ыбырай әңгімелерінің негізі халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы» және т.б.

Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне арналған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта жазылған Ыбырай шығармалары: «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» және т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Жас зерттеуші Нұрбекова Диана Мейрамғалиқызының «Ыбырай Алтынсарин шығармалары – тәрбиенің алтын діңгегі» атты ізденіс жұмысын оқи отырып, зерттеу барысында тақырыптың орынды таңдалғандығы және зерттеу мақсаты мен міндеттерінің нақтылығы көрінеді.

Бала жанының зергері Ы.Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Осы әңгімелерді педагогтер балаларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында тәрбиелеу-білім беру процесінде пайдалануға болады.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» педагогтік мақсатына сәйкес жазған өзінің көптеген шағын әңгімелері мен мысалдарын, өлеңдері мен халық ауыз әдебиеті үлгілерін енгізеді. Хрестоматиядағы біраз

туындылары орыс педагогтерінің оқулықтарынан, айтулы орыс жазушыларының балаларға арналған шығармаларынан арнайы аударылған.

«Қазақ хрестоматиясы» арқылы жеткен Ыбырайдың бүкіл әдеби мұрасы оның көркем шығарма жазуды ағартушылық идеясына бағындырғанын айқын көрсетеді. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, оның жақсы, үлгі істерге үйрететін күшті құрал деп ұқты.

Ең алдымен, ол балаларды оқу-білімге үндейтін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңдер жазды.

Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемай-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Ыбырай балалар әдебиетіне арнап, жасөспірімдерді тәрбиелеу жолында көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. Ол өз сөзінде: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді. Оған мынандай шығармалары дәлел бола алады. Мысалы: «Бұл кім?», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Ананың сүйюі» өлеңдері, «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Алтын шекілдеуік», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Әдеп», «Тәкаппарлық», «Байұлы» әңгімелері ұлы жазушының барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалады.

Ыбырайдың балаларға арналған хрестоматиясындағы өзі жазған әр алуан қысқа сюжетті әңгімелерінде өмірдің сан түрлі қырларын ашуды мақсат етеді. Автор қазақ балаларының табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан дүниесіне әсер ету арқылы еңбексүйгіш, адмгершілігі мол, зейінді де зерделі, адал да әдепті, білімді азамат болып жетілуін көздеді. Осы биік талаптарға сәйкес жас буынның қабылдау және жас ерекшеліктерін ескере келіп, әрі қысқа, әрі нұсқа көркем әңгімелер жазды: «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Таза бұлақ», «Әділдік», «Жан-жануарлар айтысы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Білгеннің пайдасы», «Талаптың пайдасы», «Атымтай жомарт».

Ы.Алтынсариннің шығармаларын кеңінен насихаттай отырып, өз іс-тәжірибемде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың бос уақыттарында «Бір уыс мақта» әңгімесі, «Мақта қыз бен мысық» ертегісінен сахналық қойылымдар, «Қай әңгіме кейіпкері?» зияткерлік ойыны және т.б. іс-шараларды өткізіп, қолданып келемін.

Сонымен қатар, «Aityn bala» инстаграмм парақшасында аса көрнекті ағартушы, педагог-ғалым Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «MANGILIK EL JASTARY» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтіп жатқан «КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ» атты мектепалды даярлық және

балабақша тәрбиеленушілеріне арналған VIII республикалық байқауына сыныбымнан Алғай Адия, Өтеғали Әмір, Тұрдықылыш Інжу, Мукашева Жамиля, Жеңіс Аяжан, Ергазиева Самира, Бақытжан Заңғар, Тарғын Азамат, Жеңіс Аяжан, Мүсір Наргиза сынды тәрбиеленушілерім Алтынсариннің «Сөз басы», «Өзен», «Өнер – білім бар жұрттар» атты өлеңдерін жатқа мәнерлеп айтып бақ сынауда.

https://instagram.com/altyn_bala_2021?utm_medium=copy_link

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды.

Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақты болмағандықтан, оларды қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де балалардың жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілген.

Әдебиеттер:

1. <https://surak.baribar.kz/297806/>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы - Астана 2020.
3. «Stud.kz» интернет желісі «Алтынсариннің педагогикалық идеялары»
4. Қазақ әдебиеті. С.Мақпырұлы, Т.Сыдықов, Қазақ әдебиеті
5. Жанғали Сүйіншәлиев, Қазақ әдебиетінің тарихы
6. Қазақ көркем сөзінің шеберлері
7. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2010

ДАЛАНЫҢ АЛЫП ҚОҢЫРАУЫ

*Жолдыбаева Гулишат Мировна
«Алпамыс» бөбекжайы тәрбиешісі
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
Форт-Шевченко қаласы*

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдығы.

Елімізде ұстаз көп болуы мүмкін, бірақ ұлағатты ұстаз атына лайықты жандар көп емес. Соның ішінде тұңғыш ұстаз деген ұлы есімді иеленген ағартушы туралы мақтанышпен айтып өткім келеді.

Ұрпаққа ұран ұлы ұстаз! Тұңғыш мектеп ашқан ұстаз! Қараңғы қазақ баласын қайтсем білімді, көзін ашық қылам деп жарғақ басы жастыққа тимей, күні-түні еңбек еткен, қазақ зиялыларының көшбасшысы Ыбырай атамыз бен оның баға жетпес мұрасын сөз етпей кету мүмкін емес.

Маған «ұстаз» сөзі мен Ыбырай Алтынсарин есімі қатар, егіз болып елестейді. Өйткені, Ыбырай Алтынсариннің мектеп ашқанын еңбектеген баладан, еңкейген қария да біледі емес пе?

Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы, керемет ақын, талантты жазушы, ғалым. Ұстаздардың ұстазы атанған Ыбырайдың жүзден астам әлемге әйгілі туындылары, шығармалары еріксіз өзіне шақырады да тұрады.

Бесіктен белі шықпай жатып, төрт жасында әкеден жетім қалған Ыбырайды елге беделді, аймағына аты шыққан атышулы Балғожа би өз тәрбиесіне алды. Ата тәрбиесін көрген Ыбырайдың Ыбырай болып қалыптасуына атасының да ықпалы бар шығар?!

Балғожа атасы немересінің атақты кісілердің бірі болуын шын тіледі, қалады. Сұрағаны, тілегені орындалды. Ыбырай бүкіл қазаққа танымал болды.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Ыбырайдың қаншама мағыналы әңгімелері мен шығармалары тасқа қашап жазған жазудай мәңгілікке мұра болып қалды.

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың өзі де осы Ыбырай атасының «Кел, балалар, оқылық!» деген ұран болып кеткен әдемі сөзімен әліппесін ашып, мектеп табалдырығын аттайтыны айдан анық.

«Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңінде ақын ұрпағын білім алуға, өнер үйренуге шақырып қана қоймай, білімді адамның сана-сезімінің жоғары болатынын, адам тек білім арқылы мақсатына, діттеген арман-ойларына қол жеткізетінін, заман көзі ашық, көкірегі ояу жандардікі екендігін шырылдап жүріп, маңдай терін төге жүріп, үлкен шеберлікпен жеткізген.

Шынында да, дәл солай емес пе? Ұрпағың өссін, өнсін десеңіз, білім мен өнер үйрену керек емес пе?

Өмірдегі түрлі жағдайдың ақ-қарасын ажыратып, тек қана білім мен өнер арқылы арманға жетуге болатынын, тәрбиелік мәні бар «Әке мен бала», «Өрмекші, қарлығаш, құмырсқа», «Атымтай Жомарт» атты әңгімелерін оқығаннан кейін түсінуге болады. Жұмыр басты пенде болған соң аз нәрсені қанағат тұтпай, қомсыну, көңіл бөлмеушілік, немқұрайлы қарау дегендер де кездеседі ғой. Осындай кедергі болар тұстарды тұспалдап, мысалдар арқылы беріп, кішкентай балаларды жастайынан жалқаулыққа қарсы тәрбиелей отырып, еңбексүйгіштікке, еңбек етуге жастай шынықтыруға бағыт беріп, бірлесе жүріп, еңбек етейік деген ой салады.

Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен, бүгінгі күнін ғана ойлауды әдетке айналдырған қазіргі кейбір жастарға өнеге көрсетіп, маңдай термен тапқан табысыңның қадірін түсіне білуді, сол маңдай термен келген табыстың тәттілігін өзгеше дәріптейді.

Болашаққа нық сеніммен қараған Ыбырай атамыз өзі орындай алмаған істерді кейінгі жастар орындайды, үмітімді ақтайды, жолымды жалғастырады деп сенді.

Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды,
«Өнер – жігіт көркі», - деп
Ескермедік мақалды.-
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды..... – деп кейінгі жастарға зор үміт артты.

Ыбырай – тұңғыш күміс қоңырау алып, қазақ баласына білім нәрін шаша білген аса көрнекті ұлы ұстаз. Халықтың мұң-мұқтажын, қараңғылықты түп тамырымен жоюды ғана ойлаған өз заманының жаршысы.

Ыбырай атамыздың салып берген сара жолын жалғастырып, өз елінің жалауын желбіретуге барынша ат салысып жүрген жандар да баршылық. Олардың бәрі осы Ыбырай атамыздан үлгі алды, ағартушы атамыздың айтқысы келген ойларын ашық түсінді.

Әрбір адам білім алу жолында барын салады, қала берді баланың ата-анасы балам ел қатарлы көзі ашық оқыған азамат немесе азаматша болсын деп оқытады, тоқытады, өнер үйретеді. Ал сол білім алу үшін алдымен балаға тәрбие бірінші берілу керек емес пе? Әлде бірден білімді үйренген бала, өзінен-өзі тәрбиелі бола ма?

Сонда білім берместен бұрын, алдымен тәрбиелеп алуымыз керек пе?

Жоқ, білім мен тәрбие егіз. Бала білім ала отырып, тәрбиені де алады. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, бала алғаш тәрбиені ұстаздан да, ортасынан да, достарынан да алмайды. Көз ашқаннан қасында жүрген әке-шешеден алады емес пе?

Әке-шеше – баланың айнасы. Кішкене бала әке-шешесі қалай сөйлейді, не қылық жасайды, бәрін қайталап, өзіне қайтарады. Бала дегеніміз – ата-ананың қайталамасы, көшірмесі. Сондықтан ата-ана өз іс әрекетіне селқос қарамай, «менің балам өсіп келе жатыр, үлгі көрсетері мен болмасам, кім бар?» деп өнегелі істердің басшысы бола білуі керек.

Иә, дәл осыны кезінде Ыбырай атамыз айтып кетті. Жай ғана айтып кеткен жоқ, өзінің өмірден түйгендерін қағаз бетіне жазып кетті. Ағартушы ұстаздың жазғаны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, оқылып жатыр, керегін алып жатыр.

Кітап – қазына, байлық. Сол байлықты бағалай білетін жандарымыз көбейсін! Әрбір сөзі ақыл, нақыл, шынайылыққа, адамгершілікке шақыратын Ыбырай атамыздың әр сөзінен үлгі алып, әр сөзін құнды деп білген жастарымыздың ертеңі жап-жарық. Табысы да мол, жеңісі де, жемісі де мол дер едім..

Ы. Алтынсариннің туындылары қаншама жанның жадында жаттаулы. Ұлы ұстаз туындыларын тасқа жазылған таңбадай қылып тастап кетті емес пе?

Қазіргі жандармен салыстырар болсам, Ыбырай атамыз асықтың ішіндегі сақасы, қорғасын құйса да қарлықпаған қазақтың қара домбырасы дер едім.

Иә, жүрегі ұрпағым, елім деп соғып тұрған Ыбырай атамыз туралы не айтса да жарасады, қандай теңеу тақсақ та да артық етпейді.

«Оқы, оқы!» деп ұрандаудан шаршамаған, шыңыраудың түбіндегі шын асылдың сөзінен қуат алар, өміріне керек тәлім-тәрбие алар жастарымыз көбейсін!

Дала қоңырауының үні мәңгілікке соғыла берсін! Сыры мен сыны бөлек Ыбырайдай атамыздың ізбасарларының жүрегі тек білім мен өнер деп соға берсін!

Әдебиеттер:

1. Республикалық ғылыми-әдістемелік «Бала мен балабақша» журналы 2018ж №9

2. Көмекбаева С.О Қазіргі кездің білім беру мазмұнын қалыптастыру мәселелері-2009ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

*Сейітова Алтын Талиевна
«Ақ қайың» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
СҚО, Петропавл қаласы*

*Ажданова Роза Маратовна
«Ақ қайың» бөбекжай-бақшасы
қазақ тілі мұғалімі
СҚО, Петропавл қаласы*

Шыр етіп дүние есігін ашқан сәби алдымен ананың ақ сүтінен нәр алып, ата-әженің құшағында еркелеп өседі. Кейіннен жеке тұлға ретінде қалыптаса бастағанда балабақшаға барып, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленіп, мектепке негізгі дағдылары қалыптасып барады. Сондықтан баланың тәрбиелі болып өсуі – тікелей ата-анаға, одан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен бастау алады. Ал педагогтер алдында отырған балаларға білім мен тәрбие нәрін толық сіңіру үшін ең алдымен өзі білімді, жан-жақты болуы абзал. Қараңғылыққа жарық сәуле түсірген тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсариннің еңбектері бүгінгі педагогтердің басты қарулары болуы керек. Оның мына өлең жолдары балаларды білімге, оқуға деген ынтасын арттырудың бүгінгі ұраны іспеттес.

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық,
Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар,[1,86]-



демекші, жаңа оқу жылын осы қарқынмен жалғастыруды көздедік.

Ұлы ағартушы, балалар әдебиетінің негізін қалаған ұстаз шығармалары – бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудің нағыз қайнар көзі.

Иә, тәуелсіз ел болып, қанат жайып келе жатқанымызға биыл 30 жыл толуымен қатар, өз ұлтын ерекше сүйіп, бар өмірін ағартушылық, ұстаздық жолда сарп еткен Ыбырай Алтынсарин ұстазымызға да биыл 180 жыл екен. Ұлы даланың алып қоңырауы болған, Ыбырай атамыз қазіргі ел болашағына мүлтіксіз сенген. Ұрпағының көкірегі ояу, тәрбиелі, білімді, әрі саналы азамат болуын арман еткен. Өз елі үшін аянбай еңбек етіп, артына мол мұра қалдырған шығармалары бүгінгі күні ұстаздардың шамшырағы іспеттес.

Ұлы ұстаз әр шығармасын, әр өлеңін баланың дамуы мен жас ерекшелігіне, қабылдау қабілетін ескере отырып, жан дүниелеріне жететіндей етіп жаза білген. Барлық туындысы тұнып тұрған адам болмысының қалыптасуына үлкен үлес қосатын тәлім тәрбие. Қазіргі бүлдіршіндер тәрбиені телефондағы тиктоктан емес, Ыбырай Алтынсарин жазып кеткен **«Кел, балалар оқылық!»** оқулығынан алу керек. Ал оны алып, шайнап беріп жұтқызу – бүгінгі педагогтің абзал борышы.

«Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» - деп айтқан педагог шығармаларының астарында үлкен тәлім-тәрбие жатыр. Ұстаздың әр шығармасы баланы жақсылыққа, еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұлтшылдыққа, бауырмалдылыққа жетелейді.

Мысалы, **«Таза бұлақ»** әңгімесінде адам бойына ең керекті ізгі қасиет көңілдің ақ болуы туралы баяндалады. Мұндағы айтпағым, балаларға осы әңгімені оқып беріп, әңгімедегі үш жолаушының ойының қайсысы дұрыстығын және өзі қалай ойлайтынын сұрауға болады. Бұл арқылы баланың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, қашанда жақсы нәрсе ойлау керектігін үйрете аламыз.

Ал «Әдеп» әңгімесі баланың бойын тәкаппарлықтан, менмендіктен алшақтата отырып, амандасудың мәнінің жоғары екенін көрсетсе, **«Қарға мен түлкі»** өлеңі шыншылдыққа баурап, құр мақтаудан аулақ болуға шақырады.

Ашылып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.
Жүгіріп түлкі соған жетіп келді,
Қарға ағаштың басында мұны көрді.
Тістегені аузында тәтті ірімшік,



Оны көріп түлкі - екең сөйлей берді [1, 226].

Бұл жерде түлкі қарғаны өтірік мақтап, аузындағы ірімшігін алып қояды. Яғни, өлеңде құр мақтанған қарғамен, қулықпен, амал-айламен тамағын тапқан түлкі суреттеледі. Екеуінің де бойындағы жаман мен жақсы қасиеттерді қазіргі адамдар бойынан көре алатынымыз ақиқат. Міне сондықтан болашақ ұрпақ бойында тек ізгі қасиеттер қалыптастыруымыз қажет.

Әрине, әр шығарманың қыр-сырын түсініп, ой елегінен өткізе отырып, бала бойында сәл де болса тәрбиелік мән қалыптастыру-біздің, яғни педагогтердің қолдарында. Әр педагог өз тәжірибесінде Ы. Алтынсариннің еңбектерін дұрыс қолдана білсе бала тәрбиелеуде жоғарғы көрсеткішке жетері анық.

Сондай-ақ, бала көбінде адамның айтқанын емес, көргенін істейді.

Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін көбінде **қойылым ретінде көрсетсе, (суретте «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің желісімен)** бала жадында көбірек сақталады деп білемін.



Сонымен қатар балаларды да көріністерге дайындап, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білу керек. Мысалы, балаға «Қарға мен түлкі» әңгімесіндегі түлкі сөзін жаттап, киініп келуге тапсырма берілсе, бала түлкі болуды қызық көріп киініп, сөзін жаттап келуге тырысады. Алайда балаға түлкі әрекетінің дұрыс еместігін тәрбиеші нақты түсіндіре білуі қажет. Осылай жақсы мен жаманды ажырату қарапайым дүниелерден басталады.

«Әке мен бала» әңгімесінде еңбекқорлық баяндалады. Яғни еңбектенсең, адал нан тауып жей алатыны айтылған. Ы. Алтынсарин қарап отырсақ, қарапайым сөздер арқылы бір шығармасы мен үлкен мәселені қозғап, шешімін көрсетіп кеткен.

Сондай-ақ, бұл өмірдегі теңдесі жоқ асыл адам – анаға деген құрметті «Бұл кім?» өлеңі арқылы бала санасына жеткізуге болады. Жастайынан ана қадірін, қасиетін түсініп өскен бала қазіргі қоғамда болып жатқан ата-анасын қарттар үйіне өткізетін қатігездікке бармайды деген ойдамыз. Бұл өмірдегі кез-келген нәрсе алдымен анасын жақсы көріп, құрметтеуден бастау алады. Ал анасын сыйлай алмайтын тұлғадан келешекте «Елім!» дейтін азамат не азаматша шығуы екіталай.

...Айдынды көлдей шалқытқан
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,

Иісін жұпар аңқытқан, демекші, осы өлең арқылы баланы анасын сыйлауға, қадірін білуге, тілін алуға тәрбиелеуге болады.

Ыбырайдың көптеген өлеңдері бала тәрбиесіне бағытталған. Көп өлеңдерінің бірі – бала бойында әдемілікке деген сүйіспеншілікті оятып, табиғатты аялауға шақырады.

Тасыса су бармаған сай қалмайды,
Тасыған өзен судың қуатымен

Көк шығып шөп бітпеген жай қалмайды, - дегендей, «Өзен» өлеңін балаларға оқи отырып, өзеннің суретін салдырып, өзенді теледидардан немесе ғаламтор желісінен қарап, аққан ағысын естуді тапсыру арқылы баланы ізденімпаздыққа, жанының эстетикалық тәрбиемен ұштасуын қалыптастыра аламыз.



Қорытындылай келе, педагогтер үшін басты мәселе, басты жеңіс – алдымызға келген әр баланың болашағының жарқын болуы! Өйткені еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жемісті қалай егіп, қалай баптасаң, солай жеміс беретіні тәрізді. Білім мен тәрбие әуел бастан қатар жүрсе, баланың болашағы ашық болары анық. «Қисық ағашты жөндей алмайсың» дегендей, баланы да өсіп кеткен соң қыңыр мінезін түзете алмайсың. Сондықтан да ұлы ұстаздың шығармасы арқылы ұрпағымызды көркем мінезділікке тәрбиелейік! «Ортаңа біліміңмен емес, мінезіңмен сиясың» дегендей алдымен кез-келген тұлғада көркем мінез болуы керек. Осы тұрғыда Ы. Алтынсариннің жоғарыда аталған педагогикалық шығармалары баланың жеке тұлғасының дұрыс қалыптасуына зор әсерін тигізеді. Ендеше, Ыбырайдың педагогикалық идеялары бала әлемінде шамшырақ болса, білімнің алғашқы баспалдағы – мектепке дейінгі ұйымда оқыту мен тәрбие құралы болмақ. Сол себепті өшпес даналардың мұрасын шебер және ұтымды пайдалана білу – бүгінгі таңда әр педагогтің асыл мұраты.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ хрестоматиясы», 2-басылымы, Алматы «Білім» 2007 8б.,22б.,
2. Ыбырай Алтынсарин, Өлеңдер жинағы, аудиокітабы //kitap.kz/audio-book/bota-olender12

ЗЕМЛЯ, ГДЕ ПОСЧАСТЛИВИЛОСЬ РОДИТЬСЯ

*Сахнова Нина Анатольевна,
воспитатель ясли-сада «Еркежан»
г.Атбасар, Акмолинской области*

Ыбрай Алтынсарин писал: «Только педагог может научить ребёнка восхищаться и любоваться родным краем, только он научит чувствовать боль и радость родной природы, и именно он научит любить родной край, Родину, так, чтобы эта любовь осталась в сердце на всю жизнь».

В дошкольном возрасте у детей начинает формироваться чувство патриотизма: а это любовь и привязанность к Родине, преданность и ответственность за неё, желание трудиться и беречь её богатства. Земля, расположенная в Акмолинской области, даёт возможность для захватывающих краеведческих поисков по всем направлениям. Атбасар – это Родина Героев Советского Союза, известных писателей, спортсменов, выдающихся деятелей политики и культуры. Их судьбы могут стать примером патриотизма для подрастающего поколения.

Так родился проект «Земля, где посчастливилось родиться». Главной целью проекта стало приобщение воспитанников к истории и культуре города Атбасар. Закомство с историей родного города при реализации проекта «Земля, где посчастливилось родиться» вызвало в детях не только положительные чувства и эмоции, но и стремление к активной деятельности.

Так, итогом работы стало создание 3 альбомов, отражающих практическую работу по этапам развития города: «Атбасар столетия назад», «Атбасар – ворота целины», «Земля, где посчастливилось родиться»

При подготовке первого этапа проекта «Атбасар столетия назад» была проведена следующая работа:

- дети познакомились с историей возникновения города;
- рассматривали старые фотографии, знакомились с историей города через историю семьи воспитанников;
- познакомились с бытом населения, домашней утварью, предметами быта прошлого времени.

Для этого была организована тематическая экскурсия в историко-краеведческий музей, где дети смогли увидеть становление родного города.

Цель второго этапа проекта: «Атбасар – ворота целины» - дать сведения об освоении целинных земель в Атбасарском районе.

Были организованы онлайн – встречи, экскурсии в детскую районную библиотеку, литературный музей Ильяса Есенберлина.

Дети с интересом познакомились с играми, в которые играли их бабушки и дедушки, в советское время. А также была организована выставка детских рисунков «Целина глазами детей»

Третий этап проекта «Земля, где посчастливилось родиться» показывает жизнь родного города сегодня. Особое чувство гордости за своих мам и пап

вызвал проведенный челлендж среди воспитанников «Профессия моих родителей».

Отдельное место уделено знакомству с людьми, прославляющими Атбасар в наше время. Писатель Ильяс Есенберлин, олимпийские чемпионы Анатолий Храпатый и паралимпиец Давид Дегтярев.

На платформе ЗУМ была организована онлайн – конференция с отличником образования Республики Казахстан, ветераном педагогического труда Сексенбаевой Жанат Бекетовной, которая рассказала воспитанникам о своем детстве и трудовой деятельности в Атбасаре.

В рамках празднования 100-летия отдела образования Атбасарского района, воспитанники посетили музей отдела образования. И получили информацию о первой пионервожатой, ветеранах педагогического труда и значимых достижениях.

В процессе реализации мне было отраднo видеть, как горели глаза наших воспитанников и их родителей, педагогов, ведь данная работа охватила весь контингент детского сада.

Итогом проекта стала театральная постановка, которая позволила детям не только упрочить полученные знания об истории и культуре города, но и развить театральные навыки.

Авторский проект получил рецензию кандидата педагогических наук доцента КГУ им. Ш.Уалиханова Навий Лизы и был рекомендован к дальнейшему использованию в рамках краеведческого подхода в обучении дошкольников. По данному проекту обобщила педагогический опыт на республиканском онлайн – форуме педагогов «Лучший педагог: открой сердце миру» и на районной августовской конференции, результатом которого стало использование данного проекта дошкольными организациями г.Атбасар, в частности педагогами ясли-сада «Родничок». На областном уровне в рамках конкурса «Үздік педагог-2019» и на зональном семинар-практикуме, организованном учебно-методическим кабинетом управления образования Акмолинской области, получила положительные отзывы коллег о результатах использования данного проекта в воспитательной работе с дошкольниками.

В статье Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» подчеркнuto: «Программа «Туған жер» станет одним из настоящих оснований нашего общенационального патриотизма. От малой родины начинается любовь к большой Родине – своей родной стране».

Сегодня появились неограниченные возможности для максимального использования идей и опыта народной педагогики в системе дошкольного образования, и я считаю, что мысли и взгляды Ыбрайя Алтынсарина до сих пор не потеряли своей актуальности. Ведь не помнить преемственности поколений, не испытывать почтительного уважения к людям, которые жили до тебя, к тем местам, где ты родился это противоестественно.

Первый этап проекта завершен в рамках празднования 175-летия города Атбасар и позволил заложить прочную основу для формирования чувства

патриотизма и любви к Родине, основанного на уважении и любви к малой Родине – городу Атбасар.

Литература:

1. Типовой учебный план дошкольного воспитания и обучения (приказ Министра образования и науки РК от 20.12.2012г. №557)
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (приказ Министра образования и науки РК от 12.08.2016г № 499)
3. Положение о вариативной части типового учебного плана дошкольных организаций. МОН РК. Республиканский центр «Дошкольное детство», 2021г.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

*Рзаева Гулдана Бегмановна
«Сыр шуағы» бөбекжай-бақшасының
педагог-ұйымдастырушысы
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы*

Бір аллаға сыйынып,
Кел,балалар ,оқылық,
Оқығанды көңілге ,
Ықыласпен тоқылық.
(Ы.Алтынсарин)

Андатпа: Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяны және оның атқарған қызметімен ғұмырында жасаған игі істері туралы баяндалған. Қазақ ағартушысының еңбектеріндегі бала тәрбиесі жайлы ойлары жазылған.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 26-қазанда қазіргі Қостанай облысы, Затабол ауданында дүниеге келген. Әкесінің есімі Алтынсары, анасы Айман. Алтынсары өз еңбегімен тіршілік еткен, карапайым шаруа адамы болған. Ал анасы Айман арғын руының ішіндегі Шеген деген бидің қызы. Әкесі Алтынсары Ыбырайдың үш-төрт жасында қайтыс болып кетеді. Сол себептен бала Ыбырай атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болады. Балғожа би өз өңіріне танылған беделді, білімді кісі. Ыбырай Алтынсарин жасынан өте ынталы болған. Атасы Балғожа Ыбырайды тойларға, жиындарға өзімен ерте жүріп, немересін іскерлікке, білімділікке, сөз сөйлеу шеберлігіне үйретеді. Ыбырай Алтынсариннің атасымен бірге жүруі өмірі үшін өте маңызды болды. Ал немересінің білімге деген үлкен құштарлығын, ынтасын көрген Балғожа би Ыбырайды Орынборда жаңадан ашылған мектепке 30 баланың біреуі болып береді. Сұңқардай сергек, жанартаудай отты Ыбырай

1845-1857 жылдарда Орынбор мектебінде телегей ілім-білімге сусындап, самұрықша қанат қақты. 1857-1859 жылдарда ақылман атасы, ескінің соңы, асылдың сарқыты Балғожа бидің хатшысы, қолғанаты болды. Бұл да Ыбырай өмірінің өзгеше бір даналық, тағылым мектебі.

Ыбырайдың артықша ардақты қасиеттері ел көзіне ерте шалынды. Татар ғалымы Хұсайын Фаизханов 1862 жылдың қаңтарында Қазан университетінің профессоры Н.И.Ильминскийге жазған хатында қазақ жігіті Ыбырай Алтынсарин жайында жақсы лебіз танытқан.

Ы.Алтынсарин өзінің алғаш Қазақ даласындағы мектеп ашқан қуанышы туралы былай деп бөліседі: «Осы жылы (1864 жылы – О.Б) январьдың 8-і күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды» (Н.И.Ильминскийге жазған хатынан). Халық ағарту ісін өмірлік міндеті қылып алған Ы.Алтынсарин бір хатында қаншалықты қиын болса да өзінің түпкі мақсаттары мен ұлтқа қызмет қылу ұмтылысынан ауытқымайтынын жазады. Осы сөздер Ыбырайдың өмірінің соңына дейін алға жетелеп, ғұмырлық ұстанымына айналды. Оның өз жолына деген сенімі мен ізденісі ХХ ғасырдың басында-ақ жеміс берді. Ер балалармен қатар қыздарға мектеп ашу, оларға әртүрлі кәсіпті үйрету ісін алға қойды. Оларға арнайы мектеп, интернат ашу мәселесін көтеріп, айтысып-тартысып жүріп осы мақсатын орындады.

Ы.Алтынсариннің пікірінше, ең алдымен мектепке дейінгі тәрбие, бастауыш мектептегі білім – баланың қалыптасуы мен дамуындағы ең маңызды кезең. Мұнда балалар алғаш рет қоғаммен араласады. Білім алу үшін мектепке келген баланың ақыл-ойы тереңдеп, зейіні ашылады. Ы.Алтынсарин өз еңбектері мен қызметінде мектептегі білім беру жүйесін дамыта отырып, мұғалімнің тұлғасы мен адамгершілік бейнесіне маңызды орын берген. Ұлағатты ұстаз ойларының идеялық құндылығы білім беру саласы бүгінгідей инновациялық деңгейге көтерілген кезеңде де маңыздылығын жоғалтпай отыр.

Ұлы даланың шартарабында саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ол «Бір Аллаға сыйынып», «Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған», «Оқу білген адамдар, Май тамызған қылыштан...» деп, «Тіреу болар», «сүйеу болар» оқудың мәнісін ыждаһаттайды, сипаттайды. Сонан соң «Өнер-білім бар жұрттар» өнегесінен үйренейік, көркейейік, «Біз де бекер жатпалық!» бәйгеге түсіп, бақ сынайық, қатардан, саптан қалмайық, сол үшін батамды сендерге бердім дейді. Қазағын сүйген, халқының ұлылығына бас иген дала данагөйінің ұлы тілегі мен арманы осы.

Сөз қасиеті – өсиет! Ел мұраты, ер мұраты – өркениет. Бұларды жете түсінген Ыбырай Алтынсарин оқудың өзегін, тамырын, тек-төркінін түгендеу жолында тағы бір қырын көрсетеді. Ол мынау:

Оқу білген таниды,
Бір жаратқан Құдайды.
Тағы да:
Жараттың неше алуан жұрт
Бір Құдайым,
Теңетті бәрімізге Күн мен Айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айыратын!
Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!

Ұлы даланың қыран дауысты дарабозы, ілім-білімнің қазынасы, ұлтының тілеуқоры Ы.Алтынсарин әдеби-мәдени, тарихи, ғылыми дәрежесі жоғары «Қазақ хрестоматиясын» (Орынбор, 1879, 111 бет) құрастырды. Ол «халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына», «пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға», «біздің әрқайсысымыздың да борышымыз екенін» жете, жетік ұғына отырып, жанқиярлықпен қызмет етуіміз дұрыс дейді.

Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы Торғайдағы жазбасында «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Осылармен қабат бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» деген. Осы тұрғыда ол өз замандасы, шығыстанушы-ғалым Ш.Уәлихановтың халқым оқып, өнер-білімді игерсе деген арманын нақты іске асырушы болды. Хрестоматия туралы естелігінде Ыбырай «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» дейді. Хрестоматиядағы шығармалар тақырыптық-идеялық жағынан жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою мәселесіне арналған. «Хрестоматияға» енген шығармалардың тілі шұрайлы, балалар ұғымына сай, қиялын кеңейтетін, көлемі шағын, тәрбиелік-танымы жоғары шығармалар. Ол қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады деуге толық негіз бар. Сонымен қоса, Ыбырай жазған «Қырғыз хрестоматиясы» қазақ публицистикасының бастауы деуге болады. Себебі осы кітапта өткен ғасырдың соңындағы көшпенділік, отырықшылық, ағартушылыққа насихаттау, адамгершілік сынды өзекті мәселелер сөз болған.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балаларды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі

уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс-тәжірибе шеңберіне енгізу. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Парасат биігіне ұмтылған халқымыздан ойы көркем, толғауы терең текті тұлғалар өмірге келген. Даналықпен әлемге ақыл-ойдың күндей шуағын таратқан. Соңдарына осылайша өшпестей із қалдырған. Демек, біздің көркем де, терең ойлауымыз аталар қанымен дарыған қасиет. Ойлары арқылы адам ішкі жан дүниесін танытады. Ой арқылы сана сезімін аңдатады. Асыл сөздің қарапайым сөзден айырмасын есті құлақ, алғыр ой ғана тани алады. Қашанда ұлттық ойдың басында – ұлттық әдебиет тұрады.

Біздің балабақшамызда Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығын насихаттау мақсатында апталық іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Балабақша дәлізінде Ы.Алтынсарин бұрышы және кітап көрмесі ұйымдастырылды. Балабақша педагогтеріне Алтынсариннің өмір жолы жайлы баяндама оқылып, дөңгелек үстел өткізілді. Одан кейін ата-аналарға зум платформасында «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында презентация жасалынды. **«Өнер білім бар жұрттар»** тақырыбында балалар салған сурет көрмесі өткізілді. Байқаудың мақсатына сәйкес сурет салу барысында тәрбиеленушілер өзен мен бұлақтың, бақша ағаштарының, жан жануарлардың көріністерін бейнелей алды. Апталық **«Кел, балалар, оқылық»** тақырыбында балабақша тәрбиеленушілері арасында өткізілген мәнерлеп оқу сайысымен қорытындыланды. Сайыс ақын шығармаларын бүлдіршіндерге жақын таныстырып, оларды шығармашылыққа баулу, балаларды жатқа, мәнерлі айтуға дағдыландыру мақсатында ұйымдастырылды. Бұл апталықтың тәрбиеленушілерге, педагогтерге және ата-аналарға берер тәлімі көп болды.

Қорыта айтқанда, еліміздің білім ошақтары қазіргі уақытта да Ы.Алтынсариннің адамгершілік, патриоттық тәрбие, еңбекке баулу, оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі туралы ағартушылық идеяларын жемісті қолданып келеді. Ұлы ұстаздың еңбегі өміршең екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Даңқты жазушы М.Әуезов Ыбырай туралы: «Ыбырай – жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты аса шебер, өнерлі түрде қабыстырушы» деп жазған. XIX ғасырда Торғай топырағында дүниеге келіп, қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-ұстаз, педагог-энтузиаст, ойшыл, жазушы-ғалым Ыбырай Алтынсариннің есімі әліппе ұстаған, оқу-ілім іздеген әрбір қазақ баласына таныс. Ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсаринді

Қазақстанның ұлттық педагогикасының негізін қалаушы деп айтуға толық негіз бар. Ы.Алтынсарин шығармаларының, соның ішінде әңгімелерінің және өлеңдерінің әлі күнде өзекті екендігін тереңірек зерттеуге болады деп ойлаймын. Ыбырай салған сара жол бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын кеңінен табады деп сенемін.

Әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин. «Сөз басы»
2. Ы.Алтынсарин. «Таза бұлақ»
3. «Егемен Қазақстан» газеті №73 2021ж
4. Аңыз адам №10 2013ж
5. К.Қаражігітова. «Қазақтың алғашқы оқулықтары»
6. А.Миразова. Педагог кәсібіне өмірін толығымен арнаған Ыбырай «Аңыз адам» 2014 №17
7. Б.Тұрғынбаева. Ыбырайдың қазақ балаларына жазған «Қазақ хрестоматиясы»

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ: ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Ы.АЛТЫНСАРИН & ЖАҢАШЫЛДЫҚ

*Губайдуллина Бибинур Тураковна
№29 «Балауса» бөбекжайы
компьютерлік сауаттылыққа
үйрету мұғалімі
БҚО, Орал қаласы*

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық
(Ы.Алтынсарин)

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсарин екі негізгі мақсат қойды: біріншісі - мектеп ашу, балаларды оқыту және жалпы халықты ағарту; екіншісі - халықтың санасын жаңаға бейімдеу бойынша ағарту жұмысы.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны енгізу іске асырылуда. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдана білу, жеке тұлғаның дамып қалыптасуы үшін жайлы жағдай жасау.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық технологиялар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыруға бағытталған. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады.

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтердің назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.
https://kk.wikipedia.org/wiki/Ыбырай_Алтынсарин

Қазіргі таңдағы инновациялық білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- Денсаулық сақтау технологиясы
- Жобалы-іс шығармашылығы
- Ізденіс-шығармашылық технологиясы
- Жаңа-ақпараттық технология
- Жеке тұлғаға бағытталған технология
- Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы
- Ойын технологиясы
- Триз технологиясы және т.б

<https://infourok.ru/mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyali-tehnologiyalardi-oldanu-843793.html>

Қоғамдық ақпарат педагогтер мен балалар алдында мынандай міндеттер қояды:

- жаңа заманға қадам басу;
- жаңа технология әлеміне балаға жолсерік болу;
- компьютерлік бағдарламаға тәлімгерді таңдау;
- ақпараттық мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру;
- педагогтердің кәсіби деңгейін және ата-аналардың құзіреттілігін арттыру.

Ақпараттық технологиялар – анимацияларды, фильмдерді, слайдтарды қолдануды үйренуге, құбылыстарға балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын танытуға мүмкіндік береді. Танымдық ертегілер балаларды қоршаған ортамен таныстыруға, айнала қоршаған шындыққа белсенді танымдық қарым-қатынасты туындатуға және құбылыстардың мәніне жетуге мүмкіндік беретін білім қорын жинақтауға бағытталған. Танымдық ертегілер балаларды деректермен таныстырады, құбылыстардың астарында не жатқанын анықтауға көмектеседі. Ертегілер мынадай талаптарға сәйкес болуы керек: танымдық материалдан құрылуы, баланы бала жасына сәйкес білімнен хабар етуі, оның мазмұнын білуге деген қызығушылыққа баулуы керек.

Ертегі балаларды қызықтыруы үшін: ертегідегі барлық қимылдардың өрбуі сол сауалдардың шешімі болуы, сауал мен оның шешімі бала үшін жағымды кейіпкердің тұлғасында нақтылануы, сонымен бірге ол қуанатындай, қобалжитындай, ойша күресе алатындай, қойылған мақсатты іздеуді және шешуді, сауалды шешу жай ғана баяндау сипатында берілмей, кейіпкердің белсенді әрекетінің нәтижесінде берілуі қажет.

Мен осы компьютерлік сауаттылыққа үйрету оқу қызметінде өз шығармашылық жұмысымды анимацияларды жасау бағдарламасы SCRISH – кейіпкерлерге жан бітіру бағдарламасын балаларға үйретіп, болашақта өз қолдарымен анимация жасай алатындығын көріп, олардың жаңа ақпараттық технологияларға деген қызығушылықтарының артып келе жатқанын байқадым.




Мысалы, мектепке дейінгі ұйымдарда көп қолданатын, кең тараған ертегілердің бірі «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі кейіпкерлерді осы

бағдарлама арқылы таңдап, тышқанды шерту арқылы орындарынан қозғап, дыбыстар шығару пунктімен сөйлетуге болатындығын көрсеттім. Өз қалауымыз бойынша фон-әрлеу мәзірінен ертегінің фонын жасап аламыз. Міне, мектепке дейінгі ұйымдарда осындай қызықты әрі жаңа форматтағы бағдарламалармен жұмыс істеп, оны педагогтер өз жұмысына пайдаланса, балалардың танымдық, ақпараттық қабілеттері арта түседі.



Кез-келген әрекеттер тізбектеліп орналасады. Оны **алгоритм** деп аталатынын білеміз. Ал алгоритмді компьютер тілінде **бағдарлама** деп атайды. Осы бағдарламаның бірі – **SCRATCH**-ты кеңінен қалай қолданатындығын таныстырып өтейін.

Бұл бағдарламаны кез келген педагог немесе тәрбиеші өзінің жұмысына қолдана алады. Өзіміздің күнделікті пайдаланып жүрген браузерлер арқылы **SCRATCH** бағдарламасын <https://scratch.mit.edu/download/scratch2> сілтемесін пайдалана отырып, өз компьютерімізге жүктей аламыз.



SCRATCH ағылшын тілінен аударғанда «тырнап алу» деген мағынаны білдіреді. Осыған байланысты басты кейіпкер ретінде «Мысық» алынған.

SCRATCH- бағдарламасының жұмыс алаңымен таныстырып өтсем



SCRATCH-те бағдарлама құру **блоктар** арқылы жасалады.

Олар 10 түрлі «Қозғалыс», «Келбет», «Дыбыс», «Қалам», «Деректер», «Оқиғалар», «Басқару», «Сенсорлар», «Басқа блоктар»,

«Операторлар». Блоктардың көмегімен құрылған программа **скриптер** деп аталады.


Бағдарлама орындалуы үшін блоктар дұрыс қойылуы тиіс.



Алтынсариннің «**Әке мен бала**» әңгімесін осы **SCRATCH**-анимация жасау бағдарламасы арқылы балалардың естеріне қалу мақсатында жасап көрдім. Әке мен баланың жолдан таға тауып, оны шиеге айырбастап алғандығын қимыл мен дыбыс арқылы арнайы аудио жазбасын көрсетіп, баланың танымдық, ойлау, есте сақтау, жаңа ақпараттық технологияға деген қызығушылықтарын дамыттым. Бұл әңгімеде Ыбырай Алтынсарин балаларды еңбекқорлыққа, табандылыққа, адамгершілікке тәрбиелей отырып, ата-ананы сыйлап, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуін дәріптейді.




(SCRATCH- бағдарламасы арқылы Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін анимация жасалу жолын ұсынамын



а) scratch бағдарламасын іске қосамыз

ә) Әңгімеге байланысты



фонды


таңдаймыз

б) Оқиғалар блогынан


командасы таңдалады.

в) Қозғалыстар блогынан мына қадамдарды аламыз.

Ата мен немерені 10 қадам жылжыту.
Шет жақта болса итеру




г) Келбет басынан командасын жалғаймыз.




ғ) командасындағы сөзді Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінің аудиосын (дыбыстық үлгі) алдын ала инетернеттен көшіріліп қойылады.

Осы командалар арқылы балалармен жасаған жұмысымызды қызықтап көре аламыз. <https://youtu.be/HQ1ZNdHfh-w>



Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінен баламен бірігіп жасалған жұмыс.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен оң нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі.



Педагогикалық инновациялар тәрбие мен оқыту процесіне сай жаңашылдықтан қалыс қалмай ұмтылсақ педагогтердің алар асуы биік деп ойлаймын.

<https://youtube.com/shorts/HbRtQS-FIIY?feature=share>

Инновациялық технологиялар педагогикалық қызмет процесінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялары мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Оқу-әдістемелік кешен мазмұны білім беру жүйесін жаңғыртудың ақпараттық-құқықтық негіздеріне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мектеп жасына дейінгі балаларды 12-жылдық оқытуға көшуге дайындауға бағдарланған.



Мен өз тәжірибиемде, әсіресе ұйымдастырылған оқу қызметтерінде шағын көркем шығарма түрлерін (әңгіме, ертегі) ақпараттық құралдармен анимация арқылы үйрете отырып, балалардың шығарма мазмұнын дұрыс түсініп, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастырып отырдым. Сонымен қатар, грамматикалық жағынан дұрыс байланыстырып, жүйелі әңгімелеп берулерін алға қойдым. Мұндай анимациялық ойын-ертегілер балалардың сөздік қорын дамытып қана қоймай, жаңа ақпараттық инновациялық құралдармен жұмыс істеуге ерте жастан қалыптасуына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта да, осы **SCRATCH**-бағдарламасын оқу қызметтерінде кеңінен қолданамын.

XXI ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық қағидалар мен тәсілдерді қолдану, білім берудің ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең тандауын қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру болып табылады.

Қазіргі таңда жаңартылған оқу бағдарламасы озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану, білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі педагогтің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Өз ісінің шебері, яғни жан-жақты жаңашыл педагог ақпараттық технологияларды қолдана отырып, баланың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін өзгертіп отыру қажет. Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Сондықтан да жаңартылған білім – болашақтың кепілі, заман талабы.

Әдебиеттер:

https://kk.wikipedia.org/wiki/Ыбырай_Алтынсарин

<https://infourok.ru/mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyali-tehnologiyalardi-oldanu-843793.html>.

Цифрлық сауаттылық. 1-сынып

МЕТОДИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЕКТА «ӘР БАЛА - БІР ЖҰЛДЫЗ»

*Габдуллина БахытМырзагалиевна,
заместитель директора
КГУ «Центр методической работы и
информационных технологий в сфере
образования» СКО г.Петропавловск*

Профессиональное развитие педагога - необходимость сегодняшнего дня. В контексте обновления содержания образования критически мыслящий, гибкий, открытый инновациям, способный успешно реализовываться в жизни педагог становится ключевой фигурой реформирования. Важной составляющей формирования компетенций современного педагога являются мероприятия по стимулированию самообразования, возможность профессионального развития и самосовершенствования.

В системе дошкольного образования Северо-Казахстанской области реализуется масштабный образовательный проект «Әр бала - бір жұлдыз» - «Каждый ребенок-звезда». Миссией проекта является создание оптимальных условий для активизации инновационной, творческой деятельности педагогических коллективов по обновлению содержания дошкольного образования. Проект направлен на повышение качества дошкольного образования и способствует решению следующих задач:

- выявление приоритетных направлений деятельности дошкольных организаций,
- распространение перспективного опыта,
- рост профессионального мастерства,
- поддержка инновационных разработок и технологий,
- ратификация дошкольного образования в обществе.

В реализации проекта «Әр бала-бір жұлдыз» принимают участие все дошкольные организации региона. На сегодняшний день результаты проекта презентовали более 50 детских садов и мини-центров области, реализующие различные инновационные направления деятельности: нравственно-патриотическое, полилингвальное, творческое, здоровьесберегающее, интеллектуальное, информационно-техническое. Перечисленные площадки функционируют уже три года и имеют свои положительные результаты работы: наблюдается рост профессионального мастерства педагогов за счет овладения новыми моделями обучения и современными технологиями, внедряемыми в учебно-воспитательный процесс. Работа по проекту активизирует развитие и совершенствование творческого потенциала, создавая благоприятную обстановку для формирования и воспитания личности современного выпускника.

В условиях реализации проекта «Әр бала-бір жұлдыз» педагоги успешно осуществляют инновационную деятельность, а также активно участвуют в конкурсах профессионального мастерства.

С целью распространения передовых методических практик и интересных педагогических подходов, выявления лучших дошкольных организаций, творческих педагогов и талантливых воспитанников, в период с сентября по декабрь 2021 года проходил областной педагогический Марафон «30 звездных ступеней дошкольного образования», посвященный празднованию 30 - летию Независимости Республики Казахстан.

В Марафоне получили возможность участвовать руководители, методисты, воспитатели, узкие специалисты, а также воспитатели классов предшкольной подготовки, воспитанники и их родители. Мероприятия марафона проводились как в он-лайн так и в офф-лайн форматах. Лейтмотив марафона: «Профессиональная активность педагогов – развитие инновационного потенциала и качественного образования». Марафон представляет собой цикл массовых форм работы с педагогами, воспитанниками и родителями.

В рамках марафона состоялись виртуальные экскурсии по лучшим детским садам области, парад рукотворчества «Фантазирую, творю, развиваю», онлайн – телемост «Хочу знать, хочу помочь», олимпиада для педагогов «Озат тәрбиеші» и олимпиада для воспитанников «Айналайын» и другие.

Активные участники по решению организационного комитета награждены дипломами и благодарственными письмами. Марафон «30 звездных ступеней дошкольного образования» нашёл поддержку среди педагогов, показал реальную картину системы дошкольного образования области и стал масштабным мероприятием в рамках празднования 30-летия Независимости Республики Казахстан.

Участие в конференциях, семинарах и других мероприятиях позволяет не только поделиться своим педагогическим опытом и познакомиться с опытом других педагогов, но и приобрести навыки подготовки и подачи материала, а также навыки публичной презентации. Кроме того, подготовка к выступлению помогает анализировать свою деятельность и впоследствии скорректировать процесс обучения.

Открытая научно-методическая площадка «Педагогическое партнерство как фактор повышения качества дошкольного образования» - это мероприятие организовано совместно с педагогическим факультетом Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева.

В работе площадки приняли участие студенты, профессорско-преподавательский состав кафедры «Теория и методика начального и дошкольного образования» и педагоги дошкольных организаций области. Участниками круглого стола были обсуждены многие вопросы, в том числе: формирование навыков 21 века у детей дошкольного возраста, реализация Программы «Рухани Жанғыру», современные подходы методического сопровождения и роль инновационных технологий в совершенствовании профессионального мастерства педагогов. Конструктивный диалог студентов, преподавателей и педагогов-практиков позволил активно обменяться

мнениями, внести предложения, а также обозначить дальнейшие совместные проекты сотрудничества.

В течении двух лет организуется Областная педагогическая панорама «Аллея открытых занятий в дошкольных организациях». Открытые показы образовательной деятельности играют важную роль в совершенствовании профессиональных умений и навыков педагогов. Они позволяют увидеть, как работают коллеги, использовать их позитивный опыт. Площадка панорамы – канал «Әр бала - бір жұлдыз», «Каждый ребенок - звезда» видеохостинга YouTube.

По сложившейся традиции в рамках Августовских конференций проводятся секционные заседания в различных форматах. В фокусе мероприятия - подведение итогов, старт на новый учебный год, активизация творческого поиска педагогов.

В условиях реализации проекта активизирована деятельность областной Ассоциации педагогов дошкольных организаций образования «Шырақ». «Шырақ» - это команда творческих и активных педагогов, находящихся в постоянном поиске нового и интересного.

Деятельность ассоциации направлена на структурирование проблем, поиск наиболее эффективных подходов, обеспечивающих повышение качества работы с детьми; создание банка инновационных идей, а также передача передового опыта. Учитывая то, что сегодня в сфере образования проводятся реформы, возникает много инноваций различного характера, направленности и значимости, определен следующий алгоритм работы ассоциации: поддержать талантливых педагогов, способствовать продвижению и реализации прогрессивных новаторских идей, дать возможность педагогам обменяться опытом, решить волнующие их вопросы. В ходе работы объединением решаются конкретные задачи, связанные с повышением профессиональной компетентности педагогов.

На сегодняшний день в состав ассоциации входит более 25 ведущих педагогов дошкольных организаций северного региона, среди которых заведующие, методисты, воспитатели, узкие специалисты - музыкальные руководители, логопеды, психологи.

Ассоциация организует и проводит мастер-классы, творческие мастерские и вебинары; конкурсы и олимпиады для педагогов и воспитанников; выступает экспертами конкурсов профессионального мастерства. Разработаны рекомендации для родителей по проведению совместного досуга в период карантина. Членами ассоциации неоднократно обсуждены проекты Типовых учебных планов и внесены предложения по их либерализации, участие в разработке Комплексного плана дошкольного воспитания и обучения. Ассоциация выступила с инициативой организовать Панораму педагогических идей среди педагогов дошкольных организаций. Главная задача мероприятия - выявление талантливых педагогов, распространение их яркого педагогического опыта. Девиз Панорамы - «Единство всех и уникальность каждого!». Инициатива была максимально поддержана, что доказано большой активностью участия – более 250

педагогов области. Эффективный и интересный опыт отмечен в дошкольных организациях г.Петропавловска, района Г. Мусрепова, Аккайынского и Кызылжарского районов.

Работа проекта «Әр бала-бір жұлдыз» настолько многоаспектна, что трудно представить направления жизнедеятельности дошкольной организации, в которых бы она не участвовала. Безусловно, проект «Әр бала-бір жұлдыз» является методической новацией дошкольного образования области, его уникальность заключается в реализации условий комплексной качественной деятельности дошкольных организаций, расширение области образовательных услуг для воспитанников, учитывая их личностные особенности, интересы и склонности, которая, в конечном итоге, должна представить новую подготовленную успешную модель выпускника.

Каждый ребенок, действительно, - звезда, нужно только уметь зажечь ее. Проект «Әр бала-бір жұлдыз» - это построение вариативного образования, ориентированного на уровень развития каждого ребенка. Педагоги сосредоточиваются на новых методах обучения, выстраивают стратегию работы внедрения инновационных технологий, оказывающих эффективное влияние на воспитание, развитие, социальную адаптацию воспитанников.

Впереди новые горизонты, новые открытия и свершения, но, несомненно, то, что «Әр бала-бір жұлдыз» мощный стимул для дальнейшего совершенствования профессиональных качеств педагогов-дошкольников.

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ МҰРАСЫ - ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

*Мукашева Айпатша Амангелдиевна
№58 «Балауса» балабақшасы
қазақ тілі пәнінің мұғалімі
Маңғыстау облысы*

***Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның жарқын болашағы.
Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты
құралы. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті.
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.***

Елбасының педагогтер қауымына арнап айтқан осы бір сөзін өзімнің педагогикалық қызметіме ұран етіп алып жүрген жанның бірімін. Қазіргі заман талабына сай ресурстарды өз бетімен іздеп, талдай білетін, жаңа идея бере алатын, одан әрі дамытатын және жауапты шешімдер қабылдай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру – еліміздің түбегейлі мақсаты. Бүгінгі таңдағы білім саласына қойылып отырған осы міндетті түсінген әр білім саласының қызметкері ерекше ізденіспен жаңаша бағытты таңдап білген болса, нәтижелі еңбек сапасының жоғары жемісін берері сөзсіз. Өркениетке бағыт алған еліміздің болашақ ахуалын бүгінгі берілер білім деңгейімен салыстыра қарағанымыз жөн.

Балаларға арналған заман талабынан туындаған шығармалардың балалардың ой-өрісін, сана-сезімін дамыта отырып, оларға заман талабына сай білім-білік дағдыларын қалыптастырып және тәлім-тәрбие беруге бағытталуы – әр оқу қызметінің өзіне ғана тән басты ерекшелігі.

Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөзінің растығын өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені, ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен адамгершілік тәрбиесін бере білу – өлшеуі жоқ қазына. Айтылған ойымның дәлелі – ұлт болашағын болжай білген, қарапайым халықты қараңғылықтан жарыққа ұмтылдыру бағытында өз үлесін қосқан зиялы бабалар сөзі.

Қазақтың кең даласының алып қоңырауы атанған, дана, дара Ыбырайы - көрегенділігімен ұлтының болашағын болжай білген ұстаз. Қара халыққа үкілеп үміт сәулесін жағып, ең алғаш мектеп ашып, қолына «Әліппе» ұстатып, «Кел, балалар, оқылық» деп, сауатын ашқан тұлға Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің есімін мектеп жасына дейінгі балаларға таныту басты мақсатымыз болуы керек деп білемін. Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толып отыр.

Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырайды осылай атауға толық негіз бар.

Алтынсариннің өзі 1864 жылы 16 наурызда: «Қойды қуған аш қасқыр секілді, мен қызу түрде балаларға білім беруге кірістім және осы балалар үш айдың ішінде, тіпті орыс және татар тілдерінде оқып-жазуды үйреніп алды. Бір сөзбен айтқанда, бұл жақсылар курс аяқталғанша, 4 жылдан кейін бір нәрсе үйреніп, лайықты сөйлей алатын болады деп үміттенемін. Сондай-ақ, кейін олар жемқор болып шықпас үшін, бар ынта-жігеріммен, тіпті олардың моральдық әрекеттеріне де әсер етуге тырысамын» деп жазған сөзінен жазушының тәрбиеге жіті назар аударғанын аңғарамыз.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі қарапайым, түсінікті, жатық, мағынасы терең, қызықты шағын әңгімелер көп жазған. Баланың ұғымына қиын тиетін ауыр сөздер жоқ, сөйлемдері қысқа, әңгімелер көлемі шағын, оқиға желісі жинақы. Оның шығармаларын оқи отырып, өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнар көзі халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтқан. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін тәрбиелік рөлі ерекше. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп, екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларындағы адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік — рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамды қалыптастырады.

«Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені» деп, келер ұрпаққа адал тәрбие беріп, ақ ниетті ұрпақ өсіру жолында Ыбырай шығармаларының тақырыбын басты ұранымыз етіп алып, оқытсақ, еш қателеспеген болар едік.

Әрине, бала бойына тәрбиенің бастауының қалыптасар уақыты 5 жасқа дейінгі кезең. Бұл кезде бала балабақша тәрбиесімен сусындайды. Соңғы 5-10 жылда балалардың сөйлеу тілінің төмендеп кеткені байқалады. Неге? Себебі, ата-аналар балалармен аз сөйлеседі, олар өздерінің жұмыстан қолдары босамайтынын айтады. 5 жасқа дейін бала ана тілін меңгермесе, одан кейін де өз деңгейінде меңгерудің қиынға соғатыны ғылым жүзінде дәлелденген. Сондықтан осы мәселеге баса назар аударған жөн. Ал осы балабақшада Ыбырай шығармаларын оқытуға неге басымдылық бермеске?! Ұлы ағартушы өзінің балаларға арнаған әңгімелерінде қазақ балаларын халқының ұлттық мүддесін көздейтін елжанды патриот етіп тәрбиелеуді мақсат еткен, сол себепті тереңнен ойланып, ерекше ізденіспен, жоспарлы түрде жазушы шығармаларын мектеп жасына дейінгі балаларға оқи бастадым. Мұндағы мақсатым: балаға ұлы бабаны таныстырып, шығармаларын насихаттаумен қатар, егеменді елдің болашақ тұлғасын адал, мейірімді, еңбекқор, шыншыл етіп тәрбиелеу. Осыдан кейін алдыма міндеттер жүктедім.

1. Ұйымдастырылған оқу қызметін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, дәстүрден тыс етіп өткізу арқылы шығарма тақырыбына орай рухани тәрбиені бала бойына сіңіру.

2. Балалардың сөздік қорын дамыту.

3. Шығарма мазмұнындағы сөздерді пайдаланып, сөйлемді дұрыс құрастыруға жаттықтыру. Сөздің дыбыстық құрамын, әсіресе төл дыбыстарымызды дұрыс айта білуге үйрету.

4. Қысқа өлеңдерді жаттату, әңгімелерін мазмұндату арқылы бала тілін дамыту.

5. Ұсынған ойын-тапсырмаларды дұрыс орындау, рөлдік ойындарды ойнату арқылы баланың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтумен қатар өнерге баулып, ептілікке үйрету.

6. Балаларды бір-бірімен диалогтік, яғни еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу.

7. Әңгімелерді тыңдап түсінуге, педагогтің жетекші сұрағына сүйеніп, шығарма мазмұнын әңгімелеуге үйрету.

Мақсатым айқын, міндет қойылды. Ыбырай әңгімелерін, аудармаларын балалардың жас ерекшелігіне қарай таңдап алдым. «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Салақтық», «Жамандыққа жақсылық», «Бір уыс мақта», «Мейірімді бала», «Әдеп», «Аурудан аяған күштірек», «Тышқанның өсиеті», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала»,

«Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі». Әр баланың жас ерекшелігімен қатар қабілет деңгейі әр түрлі екендігі белгілі. Осы жағын міндетті түрде ескеруім керектігін ұқтым. Тапсырмалар беріп, ойындар ойнату барысында балаларды есте сақтау қабілеті мен есту мүмкіндігі өте жақсы дамыған, тыңдауға қабілетті аудиал, ақпаратты көру дағдысы арқылы есте сақтайтын визуал, қоршаған ортаны ерекше сезініп, ақпаратты қимыл-қозғалыс, қолмен ұстау арқылы жақсы ұғынатын кинестетик топтарына жіктедім. Мұның бір ұтымдылығы: оқу қызметі барысында баланың өзіне ғана тән қабілетін одан әрі дамыта аламыз. Енді айтып өткеніміздей, жақсы нәтижелі жұмыс болуы үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау жолы тұрды. Жаңа әдіс-тәсілдерді балалардың өздігінен оқып білмейтін, жаза алмайтындығын ескере отырып, таңдадым.

Менің тиімді деп таңдаған технологиямның бірі Қазақстандық ғалым Ф.Вассерманның «Биоақпараттандыру және синергетика» (БжС) білім беру технологиясы. Бұл технология бойынша оқыту сапасын басқару-оқыту нәтижесін толық көрсететін көрсеткіштер мен критерийлердің талабын орындауға бағытталу, оқытудың сапасын нақты анықтайтын стандарттық өлшемдер жүйесін құру арқылы сапалық көрсеткіштермен көрінеді. Мұндағы өлшем нормаларының бірі – тапсырманы орындау уақыты. Оқу жүйесін дамытуда «БжС» білім беру технологиясы ойлану жылдамдығын арттыруда, еске сақтауда, оқу үлгілерінің сапасын жаңартуда, оқу материалын игеруде үлкен жетістіктерге жеткізетіндігін өз тәжірибемнен көрдім. Бұл әдіс өзін-өзі басқару жүйесін қамтып, баланың тәлім-тәрбиесінің жақсаруына да ықпал етеді. «БжС» технологиясы бойынша өткізілген оқу қызметтерінің дәстүрлі оқу қызметтерінен айырмашылығы:

- Жаңа тақырып ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпыланған әдісі (ОӘЖӘ) арқылы түсіндіріледі;
- Тапсырма деңгейлеп беріледі;
- Тапсырманы орындауға уақыт шектеп көрсетіледі;
- Баланың өз бетімен ойлау әрекеті қалыптасады.

Топтағы алғашқы бала тапсырманы орындап болғаннан кейін, қалған балаларға тапсырманы орындап бітіруіне 30 секунд уақыт беріледі. Осы 5+10 әдісі балалардың берілген уақытта тапсырманы орындау жылдамдығын арттырады, педагог, тәрбиеші үшін тиімділігі: уақыт үнемделеді, яғни өз тәжірибемде тапсырмаларды көбіне сурет арқылы беретіндіктен, маған өте қолайлы. Мен бұл әдіс бойынша Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін мектепалды даярлық тобына игертуден бастадым. Алдымен балаларға мнемотехникамен әңгіме мазмұны түсіндірілді. Содан кейін «Биоинтернет» картасы бойынша балалар әңгіме мазмұны желісімен суреттерді ұяшықтарға ретімен орналастырады. Келесі «Жаттықтырғыш» картасында автордың айтқысы келген ойын ашып, бала өзіндік пікірін айтады. «Қисын» картасы бойынша балалар оқиғаны өз ойларына талқылайды. Мысалы: бала басында ерінбей, тағаны жерден алғанда, шиені жеу үшін қайта-қайта еңкеймес еді, әкесінің тілін алу керек, т.с.с. «Ауызша сабақ» -1,2,3 және «Әмбебап» картасы бойынша «Көз ілгек, сөз ілгек» ойнатамын. Мысалы: Әкесі тағаны қанша

тиынға сатты, бала шиені алу үшін неше рет еңкейді? – деген сұрақтар беріледі. Бала жауап айтуы керек. Бұл баланы аңғарымпаздыққа үйретеді. Осы аталған карталарды ұйымдастырылған оқу қызметінде күнделікті қолданып отырамын. Кейде балалармен күнді «Сенен алғым келеді» шаттық шеңберінен бастаймын. Дөңгелене тұрған балалар: «Мен сенің бойыңдағы адамгершілік қасиетіңді алғым келеді», - деп, адам бойында болуы керек, Ыбырай шығармаларына байланысты жағымды қасиеттерді айтады. Керісінше, жағымсыз қасиеттерден де аулақтыққа тәрбиелеу мақсатында мен: Көп сөйлейтін жаман әдеттен арылғым келеді, - деген сияқты өз бойларында бар деп білетін әдеттерді айтады. Әр шығарманы өткен кезде кейіпкерлерге мінездеме бергіземін. Қаһарман тұлғаларға еліктеп, солардай болып өсем деген сөздері жанды сүйсінтеді.

«Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Шеше мен бала» әңгімелері баланы ата-ананы сыйлауға, өзгенің қамын ойлай білуге үйретсе, «Жаман жолдас», «Жамандыққа жақсылық» әңгімелері адалдыққа, шыншылдыққа, татулыққа тәрбиелейді. «Бір уыс мақтадан» үнемшіл болуды ойға түйеді. «Асыл шөпті» түсіндірген кезде шыдамдылық туралы ойларын айтып, өздерінің мінезін сипаттап берді. Балалықпен өздерінің, топтағы балалардың мінездеріне сипаттама беріп, ашық ойларын айтты.

«Кел, балалар, оқылық» өлеңін балаларға бөліп жаттатып, ұйымдастырып, челлендж өткіздім. Алып қоңырау атанған Ыбырай туралы айтып, қолдарына қоңырау беріп, әр өлең жолын оқыған бала келесі балаға қоңырауды ұсына отырып, өлеңді мәнерлеп оқып шықты. Бір қуантарлығы: өлең сөзін топ балалары түгел жаттап алады. Өздеріне өлеңнің бәрін өзім жаттатар болсам, нәтиже болмас еді. Бір-бірінің айтуы бойынша жылдам жаттаған балалар, бүгінде өлеңді мақтанышпен айтады.

Ыбырай шығармаларының желісі бойынша сахналап, көрініс қою- өте жақсы, қызықты. «Жаман жолдас», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Бір уыс мақта», «Түлкі мен ешкі» әңгімелерінің оқиғасын бала түсініп қана қоймайды, бойына жақсы қасиеттерді сіңіреді. Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат қылмасаң, көптен құр қаласың, - деген ойды бала ойына түйіп, санасына сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр емес пе?!

Жаңартылған бағдарлама мақсаттарын орындау бағытында осы жасалған жұмыстардан үлкен нәтижелерге жеттім деп ойлаймын.

- Баланың сөздік қоры көбейіп, сөйлеуі дамыды.
- Бойларында жақсы қасиеттер қалыптасты.
- Бір-бірінің әрекеттеріне сыни көзқараспен қарап, өз ойларын ашық айтуды үйренді.
- Ойнай отырып, өлеңді тез жаттады.
- Өлеңді нақышына келтіре мәнерлеп оқып, әңгімені мазмұндауға үйренді.
- Рөлдік ойындарды ойнауға деген құлшыныстары артты.
- Адалдық, татулық ұғымдарына мән берді.
- Әр баланың бойында өзіне деген сенімділік пайда болды.

Сөзімді қорытындылай келе, ұлы тұлғаның қай шығармасын алып карасақ та, құндылығымен ерекшеленіп тұратынын, осыны үлгі етуіміз керектігін баса айтқым келеді. Біржақты емес, жан-жақты тәрбие бере алу мүмкіндігін беретін шығармалары балаға берер тәрбиенің қайнар бұлағы екендігін сезінген педагогика саласының әр маманы ұлы тұлға шығармалары арқылы тәрбиелі ұрпақ өсірері сөзсіз.

Мен де Ыбырайдың мұраларын үлгі ету арқылы, ел ертеңі саналы, елжанды, адал балалар тәрбиелеуге өзіндік үлесімді қосуды мақсат етіп, осы жолда аянбай еңбек ете бермекпін.

Ұлылар ұлағаты өркениеттің өр тауларына жетелейді. Ендеше, Ыбырайдай асыл бабаның тәрбиелік мәні талайды тамсандырған таза, мөлдір, кәусар бұлағынан нәрлене білейік, рухани әлдене білейік.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ хрестоматиясы» Алматы «Білім» баспасы, 2003ж.;
2. «Өнер-білім бар жұрттар» Алматы, «Жалын» баспасы, 1991ж.;
3. «Әл-Фараби көпірі» Шәмшиден Әбдіраманов Алматы, «Жалын» баспасы, 1988ж.

ДАЛАНЫҢ АЛЫП ҚОҢЫРАУЫ

*Есимсейтова Жанар Жолмухановна,
Омарова Жибек Сериковна
№ 95 «Алматы» балабақшасының
тәрбиешілері
Нұр-Сұлтан қаласы*

*Бір аллаға сыйынып,
Кел, балалар оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Оқысаңдар балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Ыбырай Алтынсарин*

Елбасымыз «Тарих толқынында» кітабында Қазақстандағы халық ағарту ісінің тұңғыш абызы деп аталған Ыбырай расында да қазақстандық білім берудің іргетасын қалаушы, халқын білімге жетелеуде даланың алып қоңырауларының бірегейі.

Ең бастысы, Ыбырай ұлтын жан-тәнімен сүйген Ұлы тұлға. Он тоғыз жасында-ақ игі іске жол бастаған, қазақ даласында үкімет пен жергілікті биліктің кедергісіне қарсы жүріп, тұңғыш қазақ мектебін ашқан Ыбырайдай ізденімпаз ізгі жанның арқасында Қазақтың даласында «Дала қоңырауы»

сыңғырлады. Ұлы ағартушының жүректілігі Мәңгілік елімізді өркендету үшін қызмет атқарып жүрген азаматтарға үлгі боларлықтай.

Өз Жәнібектің билеріне: «Дүниеде не өлмейді?»- деп жолдаған сауалына Жиренше шешен: «Жақсының аты, Ғалымның хаты өлмейді» - деп жауап қайтарған екен [1.43]. Бүгінде Жиренше шешен айтқан осынау көреген сөздің мәні жылдар өткен сайын дәлелдермен толығып, ұстаз, ғалым жайлы жазылар әр естеліктің кіріспесіне айналып отыр.

Бізде бүгінгі баяндамаға арқау болып отырған қазақ халқының мақтанышы, ұлы ұстаз, тұңғыш ағартушы-ғалым, жазушы Ыбырай Алтынсариннің есімін де осы керемет сөздермен байланыстыра баяндағымыз келіп отыр.

Ыбырай бабамыз салған Ұлы жолда еңбек етіп, еліме ұрпақ тәрбиесінде тәлім беруді таңдағаныма өзімді бақытты сезінемін.

Балабақшадағы әрбір бүлдіршін педагогтің- АЙНАСЫ. Менің ойымша, тәрбиеші де шығармашыл тұлға болуы керек, өзіндік ойлау қабілеті бар, бір объектіні әртүрлі қырынан көре білуі керек.

Шығармашылық ойлау, кез келген мәселені шешуге шығармашылықпен қарау, қазіргі жағдайдан шығудың жолын көре білуге ұмтылдыру. Балалар тәрбиешіге қарап, оған ұқсағысы, онымен бар ойын, бөліскісі келуі керек.

Педагог балаға үнемі қуаныш, сенімділік, қауіпсіздік сезімін бере отырып, болашағына деген сенімін арттыру керек деп ойлаймын. Бала деген біздің болашағымыз екенін бір сәт естен шығармауымыз керек. Ыбырай атамның да аңсаған арман тілегі де осы. Мектепке дейінгі мекеменің табалдырығын аттаған педагог өзінің барлық жеке басының мәселелерін есіктің сыртында қалдыруы керек. Бала өзінің сүйікті тәрбиешісінің жүзіндегі күлкіні көргісі келеді, және сол күлкіні балаларға сыйлай бере білуіміз керек.

Меніңше, балаларға білім мен тәрбие беріп қана қоймай, өзіміз де олардан көп нәрсені үйренетін сияқтымыз. Бала деген жазылмаған ақ парақ сияқты. Оған жақсы із қалдыратын біздер, яғни педагогтар. Балалар болмаса, кім жаңа күннен ләззат алуды, реніштерді еске алмауды және әлемге ашық көзбен қарауды үйренесіз бе? Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істей отырып, мен олардың қаншалықты әртүрлі, болжауға болмайтын, қызықты, күлкілі, таңқаларлықтай ақылды екеніне таң қалуды тоқтатпаймын.

Ыбырай Алтынсарин өзінің бар қайрат-жігерін, күш-қуатын, бар саналы ғұмырын ағартушылыққа, ізгілік педагогикасына, яғни өзінің халқына қызмет етуге сарп еткен ғалымдардың бірі. Қазақ балаларының көкірегін оятқан, елі үшін өмір бойы адал еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Ыбырай Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Ыбырай Алтынсариннің мазмұнды және мағыналы өлеңдері, қысқа әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. Әңгімелері өте жеңіл, тартымды. Біз өз презентациямызда ұсынған «Әке мен бала» әңгімесін балалар тез қабылдап, оны сахналап қана қоймай, әсерлі сезімде болды. Осы әңгімесі арқылы балалар бұрын сонды естімеген «Таға» сөзін меңгерді, оны не екенін ұғынды. Баласының жіберген қатесін көре білді. Киелі сахнаның қасиетін түсініп, қызығушылықтары артты. Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне аса мән

беріп, ата-анаға деген баланың айрықша сезімін, баланың ата-анаға деген қамқорлығын, перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздермен жеткізе білген.

Оның шығармаларының мұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екенін көрсетеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Ыбырай Алтынсарин жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Оның «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса түзу жолға сал. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға соғады» [2]. - деген тұжырымды сөздері әлі күнге дейін өзекті. Балабақша қабырғасында тәлім-тәрбие алып жатқан бүлдіршіндерді инабаттылыққа, тектілікке, имандылыққа, сонымен қатар балаларды жастайынан еңбекке де тәрбиелеуді қазіргі уақыттың талабы, міндеті деп қарауымыз керек. Бала тәрбиесіне байланысты Ыбырай Алтынсариннің Ильминскийге жазған хатында: мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың, деген жолдарын кездестіруге болады [3]. «Жеміс ағаштары» атты әңгімесінде тәрбиеде үлкен мән-мағына барын айта отырып, өзінің тәрбие жөнінде көзқарасын білдіреді. Осы талап пен міндеттерді орындаудың ең бір тиімді құралы – оқу. Оқу қызметтерімізде Ыбырай Алтынсариннің өміршең идеяларын жалғастыру мақсатында балабақшамызда апталық өткізілді.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын дәріптеу мақсатында ата-аналар мен балалар арасында челлендж өткізіліп, дипломдармен марапатталды. Балаларды мұражайларға, кітапханаларға апару жүзеге асқан. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай балабақшамыздың кітапханасы бірқатар кітаптармен толықтырылды. Оқу қызметтерімізде балаларды «Бақша ағаштары», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Бір уыс мақта», «Қарлығаш пен дәуіт», т.б. [4] әңгімелерін оқып, мазмұнын ашу, балалардың қатысуымен сахналық көріністер қою. Балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Жаз» өлеңдерін жатқа айтқызу арқылы балаларды білімге, өнерге шақыруымыз керек деп ойлаймыз.

Балабақшада меңгерген білімдерін, одан әрі дамыту мақсатында ата-аналар атамыздың әңгімелерін, өлеңдерін үйде балалармен бірге еске түсіріп, кері байланыс жасайды. Жұмысымызды қорыта келе, Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен өлеңдерін өзіміздің кәсіби және жеке өмірімізде кеңінен қолданамыз деп толық айта аламыз.

Дархан далада тек білімнің нұры ғана емес, ұлтқа бөлінбейтін адамдардың достығының, туыстық байланысының шырағы бола білген заманауи кемеңгер – Ыбырай Алтынсарин атамыздың білім нәрімен сусындатуға әрқайсымыз борыштымыз. Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсариннің есімімен көптеген оқу орындары, қалалар мен облыс орталықтарында көшелерге есімі берілген. Елімізде педагогтер қауымының ең үздік өкілдері Ыбырай Алтынсарин атты төс белгімен марапатталады. Әр қалада, облыс орталықтарында ол кісінің құрметіне жыл сайын

конференциялар өткізіліп тұрады. Осы орайда менде өзімнің Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернатта оқып, білім алғанымды мақтанышпен айта аламын. Сол кезде ұстаздарымыз осы мектепте оқығандарыңды болашақта мақтанышпен еске алып, ол кісінің өлеңдерін жатқа айтуларың керек дейтін. Осы орайда ойыма мына бір өлең жолдары түсіп отыр.

«Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу,
Қартайғанда мал тайса,

Сүйеу болар бұл оқу» [5.] яғни бұл өлең жолдарымен оқу білімнің пайдасы қандай, ол не үшін керек екенін оның өмір үшін, жарқын болашаққа қажет екенін талдап көрсетеді. Оқыған, білімді, сауатты адамның артықшылығы қандай екенін жастарға өсиет етіп қалдырғанын көруге болады. Баяндамамызды қорытындылай келе, әрбір педагог өзінің оқу қызметтерінде ұлы ағартушымыздың әңгімелері мен өлеңдерін балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында іске асырса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Өзіміздің ана-тілімізді дамытуға қосқан үлесіміз деп ойлаймыз. Әбір ақын – жазушыларымыздың өлеңдерімен сусындап өскен бала ұлтын, елін, ана-тілін қадірлейтін ұлтжанды болып өсер еді деп ойлаймыз, солай болады да.

Күтілетін нәтиже :

Тәрбиешілердің жоба тақырыбы бойынша теориялық деңгейін көтеру.

Сөйлеуді дамытудың заманауи әдістері мен технологияларын енгізу.

Тәжірибені жалпылау және тарату.

Ата- аналар үйде балалармен өлеңдерін қолдануға ынталандыру.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша тәрбиешілермен өзара әрекеттесу.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда поэзияның қажеттілігі туралы түсінік қалыптасады.

Балаларда поэзияға деген қызығушылықтары қалыптасады. Балалардың байланыстырып сөйлеу деңгейі артады.

Балалардың сөздігі жаңа сөздермен, сөзтіркестерімен толықтырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: Әлеуметтік – философиялық талдау, философия, докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.-Алматы, 2020.43б
2. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. -Алматы, 1991ж., -251б.
3. «Ыбырай Алтынсарин туралы», Аңыз адам журналы №17, 2013 ж.
4. Т. Мұратбай «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен олардың тәрбиелік мәні», Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №3, 2017 ж.
5. <http://tobyl-torgai.kz/>

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

*Кушербаева Гулмира Аленовна
«№161 бөбекжай-
балабақшасының» әдіскері
Алматы қаласы*

Еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толу қарсаңында көрнекті ағартушы-педагог кемел тұлға Ыбырай Алтынсарин туралы айтпай кету мүмкін емес. Ы. Алтынсарин шығармаларын оқи отырып тәрбиелік мәнінің зор екенін байқауға болады. Сол шығармаларының бірнешеуіне тоқталып өтсем деймін:

Мен «Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды» айтар болсам, ұлы адамдардан қалған сөздер ешқашан өлмейді, ескірмейді, өміршең тақырыптар болған соң аталарымыздан қалған сөз маржандарын оқып білуді өзіме міндет санаймын.

Рухани адамгершілік құндылықтар дегеніміз не? Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ы. Алтынсарин шығармаларындағы рухани адамгершілік тақырыптары балабақшада көбінесе өзін-өзі тану ұйымдастырылған оқу қызметінде адамгершілік құндылықтарды баулуда қолданылады. Ы. Алтынсариннің шығармаларындағы «Әдеп», «Жамандық пен жақсылық», «Салақтық», «Өтіріктің залалы» және т. б.

Осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармаларындағы көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беруі педагог пен бала арасындағы ынтымақтастық бала бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар мектепке дейінгі білім беру жүйесімен сабақтасып жатқандай. Бүгінгі күні маңызды мәселеге айналып отырған отансүйгіштікке, халық дәстүрін қастерлеуге, еңбекке, адамгершілік пен салауатты өмір салтына тәрбиелеуге, халық педагогикасы саласында тәлімгерлік оқу қызметтерін, шеберлік сыныптар ұйымдастыруда өз тәжірибемде әдептілікке, кішіпейілділікке, тапқырлық, батырлық, ойшылдық сияқты халқымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңіре отырып, өз ұлтын, ана тілін құрметтейтін тұлға тәрбиелеу, осы идеясын жүзеге асырудың бірден – бір жолы мектепке дейінгі ұйымнан бастау алады.

Ақын, жазушы Ыбырай Алтынсарин өзінің шығармаларында өзінің көзқарасын айтып, құнды талдаулар беріп отырған. Менің ойымша осы шығармалардағы адамгершілік құндылықтар әр адамның бойынан табылса, ол адам өмірде өнегелі болады деп ойлаймыз.

Ыбырай шығармаларының биік шыңы:

Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің оқылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Ыбырай Алтынсарин мектеп ашқан кезде, балаларға арналған оқулықтар мүлде жоқ болатын. Дәл осы жылдарда өнегелі

ұстаз қысқа әңгімелер мен өлеңдер шығара бастайды, оқу құралдарын жазуға кіріседі. Бүкіл өмірін білім беруге жұмсаған, балаларды оқу, өнерге шақырып, өлең, әңгіме, ертегілер жазған. Ы.Алтынсарин шығармаларымен бай мұра қалдырды: лирикалық өлеңдер, қазақ даласының табиғаты және оның айтылмас байлығы туралы әңгімелер, сол кездегі өмірдің әр түрлі жақтары туралы публицикалық жазбалар. Бұның бәрі этнография тақырыбындағы очерктер және экономикалық, әлеуметтік-саяси мәселелерге арналған жазбалар еді.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі-адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Еңбекті сүйу және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. «Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сенде еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

Ыбырай Алтынсарин «Бақша ағаштары» атты әңгімесінде тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсеткен. «Мейірімді бала» әңгімесінде мейірімділік баланың отбасына деген махаббатынан басталады. Ыбырай Алтынсарин ата-ана мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасқа ерекше мән берген.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесінде Ыбырай еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді. Жазушының шығармаға жасы қатар екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан айқын көрінеді. Бұл шығармада жазушы Үсендей болып өсуді уағыздайды. Ыбырайдың тәрбиелік мәні бар барлық шығармаларын оқып, біліп өскен мейірімді балалар нағыз отаншыл азаматтар болатынына сенесің.

Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткеншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге салу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай Алтынсарин. Ы. Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлері оның шығармашылық қызметінің кез-келген саласымен өзектесіп жатады. Сонымен қатар мазмұны жағынан түсінуге жеңіл, әрі жаттауға оңай. Бүгінгі білім бағдарламасы да оқу материалдарының баланың жас ерекшелігіне сай болуын талап етеді. Бүгінгі күнмен сабақтастығы да осында. Ы. Алтынсариннің дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы, би атасы Балғожаның тәрбиесі де ерекше ықпал етті. Немересін жастайынан адалдыққа, тура сөйлеуге, шешендікке баулиды. Ыбырай Алтынсарин өзі де табиғатынан алғыр, зерек, еңбекқор болды.

Ыбырай өлеңдерінің негізгі идеясы:

Ыбырай Алтынсарин жазған «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы ақынның қазақ мектептеріне арналып жазылған, алғашқы ұлттық оқулық – «Қазақ хрестоматиясы» жарық көрді. Ол әйгілі екі өлеңімен ашылды.

«Кел, балалар, оқылық!»

міне осы өлеңді оқығанда, әрбір қазақтың жүрегіне ұялайтын және мектепке тартатын бір жылулық бар. Ал, Ыбырай Алтынсариннің «**Өнер білім бар жұрттар**» өлеңін тындасақ қазіргі өмірге айтылып жатқандай. Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді және шәкірттерге ой салатындай, еңбекке, әдептілікке, мейірімділікке, ата-ананы қадірлеуге, әдет-ғұрып, салт-сананы сіңіре білуге тәрбиелейтіндей ауыз әдебиеті үлгілерін кіргізе отырып, тәрбиелік, білімдік-танымдық қасиеттеріне ерекше назар аударған.

Шынында да бұл кітаптағы шығармалардың адамгершілік, еңбексүйгіштік, әдептілік пен инабаттылық, зейінділік пен зеректік, ата-ана, ел мен жұртқа деген сүйіспеншілік құрмет идеялары ескірмейтін асыл мұра.

Биылғы жылы ұлы бабамыз 180 жасқа толып отыр. Педагогтің мерейлі тойын бүкіл Қазақстан бойынша атап өтуде. Осы мерейлі тойда Алатау ауданы, МКҚК №161 бөбекжай-балабақшасы да тыс қалмады.

Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына көрме ұйымдастырылды.

Арада қанша жыл өтсе де Ыбырай Алтынсарин әр қазақтың жүрегінде қалуы тиіс деп ойлаймын. Ы. Алтынсарин мектеп ашып, бізді қараңғылықтан күн сәулесіне алып шыққан кемел тұлға. Қазақстанның барлық қалаларында ұлы тұлғаға арналған көшелер, мұражайлар, ескерткіштер мен оның атындағы жоғары оқу орындары бар. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында ұлы ағартушы, қоғам қайраткерінің 180 жылдығына орай – Ыбырай Алтынсариннің бюсті ашылды. Ыбырай идеяларының өміршеңдігі оның идеяларының бүгінгі күнмен астасып жатқандығында, сондықтан оның тәрбиелік қызметінің болашақта жалғасын табатыны анық.

Ыбырай мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Қазіргі таңда жастарды жақсы мінез-құлықпен адалдыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл– Ыбырай Алтынсарин мұрасы.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.
2. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969.
3. Ы. Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы -Т.1-121 –б.

ДАЛАНЫҢ АЛЫП ҚОҢЫРАУЫ

*Досмуханбетова Акбота Алимбердиевна
«Балапан» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы*

Бір аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық
Ы.Алтынсарин

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларға Ы. Алтынсарин әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын, қоғамдық мәнін түсіндіру.

Мектеп жасына дейінгі балаларды Ыбырай әңгімелеріндегі кейіпкерлердің жақсы мінез-құлық, орынды іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, қамқорлық жасауға баулу.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ой еркіндігін, эстетикалық сезімін ояту.

Күтілетін нәтиже:

- мектеп жасына дейінгі балалар әңгімедегі көркем сөз айшықтарымен танысады;

- әңгімені мнемокесте арқылы қысқаша әңгімелеу арқылы тілі дамиды;

- сахналау арқылы кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін талдайды.

Бала Ыбырай

Ыбырай Алтынсарин қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы және қоғам қайраткері, шын есімі Ибраһим 1841 жылы 20 қазанда Қостанай облысы Затоболье ауданында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсариннің әкесі еңбекқор шаруа адам болған. Оның анасы Айман сауатты, көптеген халық ертегілері мен әндерін білетін. Ибраһимнің анасы оған ерте жастан халық ертегілері мен әндерін үйреткен «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші ұлы тұлғаның ұяда көрген тәрбиесі – ділмәр шешендікке, көшпелі билікке құрылған дала даналығы болатын. Сөйлесе сөздің көсемі болған билерге тән шешендік өнерді қаршадайынан терең меңгерген, сөзге орамды, тілге ұстар азамат болып ержетуіне атасы, көрнекті ел ағасы Балғожа бидің де ықпалы аз болмағаны сөзсіз. Атасының жанынан жыр шығаратын қасиеті немересіне үлгі бола білді. Жас жеткіншек Ыбырай сол дәуірдегі өзге балалардай, ең алдымен ауылдағы молдадан мұсылманша оқып, сауатын ашады. 1850 жылы тоғыз жасар Ыбырайды атасы Орынбор округі бойынша Торғай облысында қазақ балаларына арнап ашылып жатқан жеті жылдық мектепке береді. Осы сәтте Балғожа бидің немересіне арнап жазған өсиет өлеңінде жас Ыбырайдың болашағына деген үлкен сенімді көреміз:

Ата-ананды өнер білсең асырарсың
Надан боп, білмей қалсаң, аһ ұрасың,
Шырағым, мұнда жүрсең, не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің,
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?

Осы орайда бұл мектепті 1857 жылы «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі

Ыбырай Алтынсарин өз елінде екі жылдай қызмет етіп, 1859 жылы Орынборға тілмаш болып ауысады. Бұл кезде белгілі шығыс зерттеушісі ғалым-профессор В. Григорьевпен жақын танысып, оның кітапханасын пайдалануға мүмкіндік алады. Ыбырай оның кітапханасында әдебиет, тарих, философия кітаптарын, ұлы ағартушылардың еңбектерін көп оқиды. Өз бетімен көп ізденіп, тілмаш болуды емес, халыққа пайдалы қызмет істеуді алдына мақсат етіп қояды. Соның нәтижесінде алғашқы қазақ даласында тұңғыш мектеп ашылады. 1876 жылы Ыбырай Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барды. Орыс ағартушыларының еңбектерін зерттеді. Соларға еліктеп, қазақ тілінде оқу құралдарын ойлады. Сөйтіп 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазды. Бұл кітап ана тіліндегі алғашқы оқулық еді. Хрестоматияға тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелері, өлеңдер мен ауыз әдебиеті үлгілерін, аударма шығармаларын енгізген болатын.

Мектеп ашу және бала оқыту

Ы. Алтынсариннің өзінің ең алғаш қазақ даласындағы мектеп ашқан қуанышы туралы былай бөліседі: «Осы жылы (1864 жылы) қаңтардың 8-і күні менің көптен күткен ісім оңынан келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім. Бұл балалар да менің сенімімді ақтап, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды»- деп (Н.И Ильминскийге жазған хатында) баяндады. Халық ағарту ісін өмірлік міндет қылып алған Ы. Алтынсарин бұл хатында қаншалықты қиын болса да өзінің түпкі мақсаттары мен ұлтқа қызмет қылу ұмтылысынан ауытқымайтынын жазды. Осы сөздер Ыбырай Алтынсариннің өмірінің соңына дейін алға жетелеп, ғұмырлық ұстанымына айналды. Оның өз жолына деген сенімімен ізденісі ХХ ғасырдың басында ақ жемісін берді. Балаларға арнайы мектеп, интернат ашу мәселелерін көтеріп, осы мақсатын орындады.

Ы. Алтынсарин өз өлеңдерінде балаларды оқуға, білім алуға шақырса, әңгімелерінде еңбекті сүйеге, қадірлеуге, адамгершілікке, имандылыққа, адал достыққа, тазалыққа үйретеді. Осы орайда аталған мектепке дейінгі ұйымда өз кезегінде тәрбиеленушілерге тәрбие мен білім беруде Ы.Алтынсариннің балаларға жазған шығармалары кеңінен насихатталды. Отбасы құндылықтарының сақталуы және ата-ананың рөлі «Әке мен бала», «Шеше мен бала» әңгімелерінде бейнеленсе, «Жаман жолдас», «Мейірімді бала» шығармалары келешек ұрпақты жақсы мен жаманды айыра білуге,

баланың бойына мейірім шуағын шашуға жетелейді. «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» сынды шығармалары еңбек етуге және тазалыққа өз кезегінде балалардың үлкен мен кіші арасындағы ізеттілікке тәрбиелейді.

Осы тақырыптарды қамти отырып, бөбекжай-бақшада келесі технологияларды қолдана отырып, жұмыс жүйесі жолға қойылған.

«Жаман жолдас» әңгімесі (СТО технологиясы)

Жақсы қасиеттер:


- тапқырлық
- досына адал

Жаман қасиеттер:


- қорқақтық
- досын сату

- сөзінде тұрмау

«Әке мен бала» әңгімесі




Қорытынды: - аз жұмысты қиынсыңсаң, көп жұмысқа тап боласың
- азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаласың.
«Шеше мен бала» (ой қозғау әдісі бойынша топтастыру)
ой еңбегі тапқырлық



адамдарға көмектесу

қамқорлық

«Бақша ағаштары» «қарама-қарсы» стратегиясын қолдана отырып, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру



«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесін үйірме жұмыстарында ертегі желісі бойынша әңгімелеу, автор орындығы стратегиясын қолдана отырып, әр кейіпкерге баға беру, жағымды қасиеттерін әңгімелеу.

Аса көрнекті жазушы М.Әуезов, Ы.Алтынсарин туралы: «Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық болады» -деп жазды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шақ ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөп өлкені суарып, дән бітіріп айқасып келе ағып жатқан қос өзендей танылды деп айтып өткен. XIX ғасырда Торғай топырағында дүниеге келіп, қазақ халқының тарихына жарқ етіп енген ағартушы-педагог, ойшыл, жазушы-ғалым Ы.Алтынсариннің есімі әліппе ұстаған, оқу-білім іздеген әрбір қазақ баласына таныс, есімі әрқашанда ел есінде!

Әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин Таңдамалы шығармалары. –Алматы. Ғылым, 1994
2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.
3. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Әдеби –сын мақалалар мен зерттеулер. М.Жармұхамедов –Алматы. Жазушы, 1991

ФЛОРИСТИКА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННО-ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

*Жаксыгарина Зейнегул Елюбаевна
воспитатель детского сада «Нұрлы болашақ»
с. Кобда, Кобдинского района
Актюбинской области*

Дошкольный возраст наиболее благоприятный период для развития детского творчества. Л.С.Выготский отмечал, что продуктивная деятельность – самый первый, самый доступный и привлекательный для маленьких детей вид творческого труда.¹

С детьми можно сделать много интересного из природного материала. Иногда – материалы сами подсказывают решение, надо только внимательнее всматриваться и пофантазировать. Работа с природным материалом очень важна для: развивается мелкая моторика, формируются познавательные процессы: воображение, восприятие, мышление, внимание, и творческая активность. Воспитание трудовых умений и навыков, положительно влияет на формирование основ личности. Для реализации этой цели прекрасно подходит занятие флористикой.

Флористика (от лат. *flores*), или флористический дизайн (англ. *Floral design*) – разновидность декоративно-прикладного искусства и дизайна; создание флористических работ (букетов, композиций, панно, коллажей) из разнообразных природных материалов.²

Была разработана и апробирована авторская вариативная программа «Мы маленькие флористы» для воспитанников от 4-лет, утвержденная методическим советом районного отдела образования (протокол №1 от 25.08.2021г.)

Развитие творческого потенциала воспитанников решаются следующие задачи:

- расширение знаний о разновидностях цветов, атрибутах и материалах используемых для создания букетов и композиций;
- формирование творческого мышления, умения и навыки необходимые для создания творческих работ;
- развитие художественного вкуса, фантазии, изобретательности;
- желание экспериментировать, проявляя яркие познавательные чувства: удивление, сомнение, радость от узнавания нового;
- обогащение знаний детей о разных видах художественного творчества.

¹ Выготский Л.С. – Воображение и творчество в детском возрасте
Издательство: М.:Просвещение,1991. – 3с

² Петер Асманн. — Современная флористика / Пер. с англ.
Е. Я. Юдаевой. — М.: Культура и традиции, 2003. — 7с

Флористика – одна из любимых занятий в нашем детском саду. Это увлекательная работа, сближающая нас с природой, изучая её, дети проявляют любовь к природе. Дети освоили разные виды творчества (аппликация, рисование, лепка). Прежде чем создавать композиции из цветов, необходимо создать мотивацию и пробудить интерес к работе с природным материалом, вызвать желание у детей узнать больше о родной природе, о том, что нас окружает.

Материал для поделок можно заготавливать круглый год, но лучшее время для заготовки природных материалов – лето и начало осени: плоды, листья, корни и семена которых можно использовать для поделок. Для поделок, заготавливали следующие природные материалы: шишки еловые, сосновые, кедровые, пихтовые, ольховые, лиственницы, можжевельника, желуди дуба, трав и злаков: солома пшеницы, овса, ржи, цветы садовых и дикорастущих растений. Доступность природного материала, простота его заготовки и обработки, несложная техника работы с ним как нельзя лучше подходит для детей дошкольного возраста.

Занятие флористикой способствует развитию у ребёнка: мелкой моторики пальцев рук, что оказывает положительное влияние на речевые зоны коры головного мозга, сенсорного восприятия, глазомера, логического мышления, воображения, волевых качеств. Дети учились ориентироваться на плоскости листа бумаги, сортировать природный материал по размеру, форме, окраске. А так же работа с природным материалом развивает усидчивость, терпение, настойчивость, трудолюбие. На занятиях по творчеству совершенствуется умение совмещать различные способы и техники изображения при изготовлении коллажа, применять в своих работах основы композиции. На занятиях используется совмещение таких изобразительных видов как рельефная лепка, пластилинография, конструирование из природного материала, бумаги и картона, мозаичная аппликация, работа с крупами и папье-маше.

Для педагогов детского сада «Нұрлы болашақ» с. Кобда был проведен мастер-класс на тему «Знакомство с профессией флориста». Также проведена творческая работа по изготовлению композиции с использованием бросового и природного материала. Педагоги проявили свои творческие способности, креативность, фантазию.

Большая творческая работа была проведена с детьми, в интеграции с другими образовательными областями («Познание», «Здоровье», «Коммуникация» и «Социум»): познавательное занятие «Профессия - флорист», чтение стихов, рассказов, загадывание загадок о растениях и цветах», рисование «Букет для мамы», аппликация «Ваза с цветами», композиция из природных и бросового материалов «Цветы в корзине»; сюжетно-ролевая игра «Салон цветов», подвижная игра «Цветы в поляне». На этих занятиях дети учились подбирать природный материал нужной формы, цвета, структуры, овладели приемами создания композиции, навыками мыслительного анализа.

В творческой работе большое значение сотрудничество с родителями. Родители совместно с детьми выполняли домашнее задание с использованием бросового материала «Корзина для цветов», а также участвовали в конкурсе ко дню Международного женского дня «Любимые цветы для моей мамы».

Проведенный долгосрочный проект на тему: «Флористика и прикладной декор» был посвоему интересен и родители вместе с детьми с большим мастерством сделали интересные пейзажи, натюрморты, портреты, сложные композиции из комбинаций цветов, листьев, трав, соломы и других материалов живой природы.

Подводя итог проделанной работы надо отметить, что значительно расширился круг знаний детей о флористике с помощью использования природных и бросовых материалов, которые доступны каждому.

Приобщение ребёнка к декоративно-прикладному искусству, открыло большие возможности для его творческого развития, способствовало глубокому воздействию на его внутренний мир. Повысилась компетентность педагогов и родителей в вопросах профессиональной ориентации детей. В результате проведенных выявлены следующие положительные моменты при обучении флористике: значительно расширились знания о значении профессии-флориста, возросло чувство уважения к ней.

У воспитанников улучшилось эстетическое восприятие, художественный вкус, художественно-графические навыки и умения, творческое мышление и воображение, пространственное восприятие, конструктивные умения и навыки. Дети приобрели первоначальные навыки составления букетов и композиций.

Проводимая работа позволила воспитанникам глубже познать природу родного края, увидеть ее красоту и великолепие.

Литературы:

1. Модель развития дошкольного воспитания и обучения (Постановление Правительства РК от 15 марта 2021 года №137)
2. ГОС ДВО (приказ Министра образования и науки РК от 31.10.2018г. №604)
3. Типовой учебный план дошкольного воспитания и обучения (приказ Министра образования и науки РК от 20.12.2012г. №557)
4. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (приказ Министра образования и науки РК от 12.08.2016г № 499)
5. Петер Асманн. — Современная флористика / Пер. с нем. Е. Я. Юдаевой. — М.: Культура и традиции, 2003. — 224 с
6. Выготский Л.С. – Воображение и творчество в детском возрасте
Издательство: М.:Просвещение,1991. – 3с

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕР



Ы.АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

*Алтысбаева Алмагул Ануарбекқызы
«№149 бөбекжай-балабақшасының»
қазақ тілі пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Ы. Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Оның шығармаларының тәрбиелік мәні зор. Ыбырай атамыздың қай әңгімесін алсақ та тұнып тұрған білім мен тәрбие, ақылға толы үлгі-өнеге. Мысалы: «Бақша ағаштары» әңгімесін алар болсақ, баласының: «Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисайып кеткен?» - деген сұрауына атасы: «Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесіп, мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең жөні түзу адам болып өсерсің. Бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, - дейді. Бұл әңгімесінің идеясында бала тәрбиесіне мән беріп, көп көңіл бөлгені көрінеді.

«Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», «Асыл шөп» әңгімелерінде адамгершілік тәрбие мәселесін көтереді.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де келмейді, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Мысалы: «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», т.б. әңгімелерін айтуға болады.

Ыбырай Алтынсарин шығармалары қысқа да, мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл, аз сөзге көп мағына сыйғызады. Мақал-мәтел, афоризмдерді орынды қолданады. Әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аударады. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетінің қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Сондықтан Ы.Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Ақын шығармаларының негізгі тақырыбы: адамгершілік, еңбексүйгіштік, әдептілік, елге, жерге, ата-анаға деген сүйіспеншілік.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ең кішкентай жәндіктердің де, өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, құмырсқа, өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа,» - дейді.

Ы.Алтынсариннің қазақ жастарын оқу, білімге шақырып: «Кел, балалар, оқылық!» - деп айтқан өлеңін білмеу мүмкін емес. Бұл өлеңді әрбір қазақ баласы жатқа біледі деп ойлаймын.

Ы.Алтынсарин екі түрлі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халық ағарту жұмысы да, екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Ол бар күшін оқу, ағарту ісін өркендетуге жұмсады.

Ы.Алтынсарин шығармаларының ішіндегі «Мақта қыз бен мысық» ертегісі мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жеңіл ертегі. Әсіресе, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балалардың тілін дамыту мен сөздік қорларын молайтуға септігін тигізеді.

Қорыта келе айтарым, мұндай шығармалар баланың ойын, ұшқыр қиялын оятады, сөз айшықтарын үйрену арқылы баланың сөйлеу мәдениеті артады. Балаларды адамгершілікке, шыншылдыққа, терең ойлауға тәрбиелейді, табиғатқа деген жанашырлық сезімдерін оятады.

Ы.Алтынсарин әңгімелерін балаларға жеңілдеп түсіндіру үшін графикалық орналайзерлерді қолдана отырып, бірнеше әңгімелеріне мысалдар келтіремін.


Графикалық орналайзерлер – мәтіндегі негізгі ақпаратты тиімді жолмен белгілі бір сызбаларға салып түсіндірудің жолы. Графикалық орналайзерлердің көп шеңбер, қос шеңбер, өрмекші, балық қаңқасы, хикаялар картасы деген түрлері бар. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін – балық қаңқасы, «Бақша ағаштары» әңгімесін – қос шеңбер, «Қарға мен түлкі» ертегісін – көп шеңбер, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесін – өрмекші торы графикалық орналайзерлерімен түсіндіруге болады.



Бақша ағаштары



Қарға мен түлкі



Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш



Қорытынды: Ы.Алтынсарин әңгімелерін графикалық органиайзерлер әдісімен түсіндіру өте ыңғайлы және тиімді, балалар үшін де мазмұны түсінікті болады. Графикалық органиайзерлер көркем шығарманы ықшамдап түсіндіру үшін өте тиімді әдістердің бірі. Ы.Алтынсариннің тәрбиелік мәні зор әңгімелері мен ертегілерінің балалар үшін маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы);
3. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.
4. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж.

Ы.АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

*Шакеева Жанар Узакбергеновна
№32 Қызғалдақ санаториялық
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы*

Жастарға бала кезінен дұрыс тәрбие беріліп, оқығанда ғана адам деген ардақты есімді ақтай алады
Ы.Алтынсарин

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!
Ы.Алтынсарин

Осы өлең жолдарын қазақ даласында білмейтін адам кемде-кем шығар, сірә! Қоңырау үнімен мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіннің алғашқы тақпағы болып оқулыққа енген осы өлең жолдары жүз жылдан аса уақыт әрбір қазақтың жүрегінде сақталып келеді. Ұлы дала балаларына қозғаушы күш ретінде оқуға үндеген, жаңашылдық пен ізденімпаздыққа бағыттаған педагог кім еді?

XIX ғасырдың екінші жартысында өз еңбектері мен шығармалары арқылы білім мен өнерге, еңбек пен адамдыққа тәрбиелеуде қазақ даласында ұлт педагогикасына ағартушылықпен ерекше үлес қосып, Отанын шексіз сүю мен оған қалтқысыз қызмет етудің үлгісі болған асқаралы тұлға – Ыбырай Алтынсарин. Ағартушының өнегелі өмірі мен өресі биік талантымен өрілген шығармалары мен ұлы классиктер еңбектерінен аудармалары тарихта алтын әріппен жазылса да, күн өткен сайын өз өзектілігін жоғалтқан емес. Себебі, Ыбырай Алтынсарин қай салада болмасын ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтерді, шығармаларына арқау етті, тер төкті. Еңбекқорлығы, ізденімпаздығы, халқына деген шексіз сүйіспеншілігі оған әр уақытта демеу болып, осы қасиеттері арқылы ол қажымай талмай өзі ашқан мектептеріне оқу бағдарламаларын құрастырып, соларды балалардың санасына құйып, тәрбиелеудің әртүрлі жолдарын іздеуден жалықпады. Бұл ізденістері оның еңбектерінде айқын көрініс берді, тарих беттерінде Ыбырай атамыз «Ұлы дала қоңырауы» атанды. Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, прозаик және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің атасы, негізін қалаушы деп те таниды.

Ыбырай балалар әдебиетіне тән көп шығармаларды жазуда алдына зор мақсаттар қояды. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған «Кел балалар, оқылық!» «Өнер, білім бар жұрттар», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас», «Мейірімді бала», «Ананың сүюі», «Талаптың пайдасы» шығармаларының маңызы зор. Сонымен қатар И.Крыловтың «Қарға мен

түлкі», «Егіннің бастары», Л.Толстойдың «Полкан деген ит», И.И. Дмитриевтің «Екі шыбын», Паульсонның «Талаптың пайдасы» «Үш ұры», «Алтын шеттеуік» сияқты көптеген шығармаларды аударды.

Орыс классиктерінің бала тәрбиесінде қорқақтық, өзімшіл, тәкаппар болу мен өтірік айтудан жиренетін, сүйіспеншілік пен қайырымдылықты насихаттайтын балалар тақырыбына шығармаларын іріктеп, кітап жазды.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да, алдымен нені мысал етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды, балаға қызықты материал іздейді. Жазған шығармасын өмірде кездесетін баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады.

Бұл шығармалардың барлығы да әрі қысқа, әрі мазмұнды, әрі көркем, қазақ баласының табиғатына, жас ерекшелігі мен білім көлеміне сай, түсінуге жеңіл, тәрбиелік жағынан шебер құрылған шығармалар.

«Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді ұлы педагог. Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында да өзі айтқан негізгі идея баяндалып отырады.

Ы.Алтынсарин еңбектерін, соның ішінде балалар әдебиетіне қосқан үлесі туралы С.Асфендияров, М.Әуезов, Сыдықов Ә, Эфиоров А, Ф. Сәтбаева Ш, Қ.Жұмалиев, Мазохин А, Соколов Ф. және т.б көптеген ғалымдар мен жазушылар естеліктер мен ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды.

Кемел келешегіміздің тұтқасы – жас ұрпақты қоғам талабына сай ерте жастан тәрбиелеу мен оқыту қай қоғамда да, қай ұлтта да педагог-ғалымдардың ерекше назар аударған өзекті тақырыбы болып табылады. Ыбырай Алтынсарин ұлы педагог ретінде ерте жастан балаларды жан-жақты, заманауи, мәдениетті, ұқыпты, үлгілі болуға бағыттайды, «Қазақ хрестоматиясы» (1879ж) кітабын шығарып, мектеп ашады.

Педагогикалық принциптерін айқындайды. «Мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен артық көремін» - деп өзі айтқандай, оның мұғалімдерге арнап жазған хаттары ұстаз қауымының тілектері мен мұқтаждығына ерекше қамқорлық жасап, көңіл қоятындығын көрсетеді. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында көтерген кейбір мәселелерінің үндестігін анық байқауға болады. ХІХ-шы ғасырдың аяғында Ыбырай Алтынсариннің өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ-ші ғасырға аяқ басқан, еліміздің заманауи педагогикасында да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде. Бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балаларды оңай әрі дамыта оқыту, тәрбиелеу принципі де Ы.Алтынсарин педагогикасынан бастау алатындығының дәлелі.

Егемен еліміздегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі – инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы жан-жақты, коммуникативтік-тілдік дағдысы дамыған, сыни ойлай алатын, командалық әрекетке бейім, білімді де зияткер тұлға қалыптастыру. Осы орайда жаңа заман баласының тұлғалық қалыптасуы мен олардың шығармашыл, белсенді де

еркін дамуына заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру сапасын арттырады. Ақпараттық -коммуникативтік технология, түрлі платформаларды пайдалану мен интерактивті тақта мүмкіндіктері, флипчарт әдісі, ТРИЗ технологиясы арқылы баяндау, АРТ терапиясының маңызы зор.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ортаңғы, ересек және мектепалды топтарында көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жылдық жоспарына Ыбырай Алтынсариннің балалар әдебиетінің үздік шығармалары: мектепалды топтарда «Кел балалар, оқылық!», «Қарға мен түлкі», «Ананың сүюі», ересектер тобында «Жаман жолдас», «Әке мен бала», «Қарға мен түлкі», ортаңғы топтарда «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімелері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жылдық жоспарына енгізілген. Бұл шығармаларының қай-қайсысында болмасын Ыбырай Алтынсарин мектеп жасына дейінгі балаларды өнер-білімге, еңбекке, биік талғам мен еңбекке үндеумен қатар, ұлттық болмысымызды бейнелейтін құндылықтарымызға дәріптейді.

Балабақшаның мектепалды топтары мен ересектер тобында жоспарланған «Кел, балалар, оқылық» және «Ананың сүюі» өлеңдерін оқытуда кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметтерінде өз тәжірибемізде қолдану барысында балалар ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту барысында жеке және топтық тапсырмаларды педагог жетекшілігімен ойын арқылы орындай отырып, нәтижесінде флипчарт әдісінің анимациялық тәсілі арқылы мультфильм құрастырып, визуалды-бейнелеу дағдысы қалыптасты.

Ал, «Жаман жолдас», «Әке мен бала» әңгімелерін ересектер тобында құрылымдалған ойын арқылы сахналау нәтижесінде балалар магнитті тақта арқылы шығарма кейіпкерлерін ретімен қоя отырып, бірізділікпен баяндай алды. Ортаңғы топтарда жоспарланған «Өрмекші қарлығаш және құмырсқа» әңгімесін балалар кіріктірілген зерттеу-эксперименттік әдіс және бейнелеудің дәстүрлі емес Эбру әдісі арқылы бейнеледі. Ыбырай атамиздың әңгімесін балалар түсініп, алғашқы зерттеуге қызығушылық танытты. Балалардың шығармашылық қиялы мен сахналық алғашқы қадамдарын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған театр үйірмесінде «Қарға мен түлкі» аудармасын сахналай отырып, командалық жұмысқа бейімделді.

Қорыта келгенде, қазақ халқының келешегіне жарық нұрын себелеген ұлы тұлға Ыбырай Алтынсарин өз идеялары мен педагогикалық ұстанымдарын өз дәуірінде жүзеге асыруда түрлі тосқауылдарға кездесе де, табандылықпен мақсатын жүзеге асыра білді. Ыбырай Алтынсариннің арманы – білімді ұлт қалыптастыра отырып, болашаққа сеніммен қарау.

Білім адамды рухани байытып, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көңілін көтереді, рухын нығайтып, жігерін күшейтеді. «Білімді ұлт – сапалы білім беру» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 ж 12 қазан №726 қаулысы) ұлттық жобасы негізі – Ы.Алтынсарин педагогикалық идеяларының бастауы деп білемін.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларын жас ұрпақты түрлі әдіс-тәсілдермен тәрбиелеу өзектілігі, оның мұраларын дәріптеу – бүгінгі ұрпақ, педагогтер, біздің еншімізде. «Біз болмасақ – Сіз барсыз, Үміт еткен, достарым!,- деп аманаттаған ұлы мұраны ұлықтауға шақырамын.

Әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин. Қазақәдебиеті: Алматы: Ғылым, 1979.-110 б
2. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалышығармалар - Алматы "Ғылым", 1994.-289 б
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2-кітап. –Павлодар: Арман, 2004
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы, «Ана тілі», 1992ж, 448 бет
5. Ыбырай Алтынсариннің тағылымы (Әдеби- сын мақалалар мен зерттеулер) Алматы, Жазушы 1991 ж 186б,226 б
6. Дербісәлин Ә. « Ы.Алтынсарин-ұлы педагог,ағартушы, жазушы»

«GIGO» КОНСТРУКТОР – КІШКЕНТАЙ ИНЖЕНЕРЛЕРДІ ТӘРБИЕЛЕЙТІН БОЛАШАҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

*Джаналилова Инабат Аскарловна
№ 7 «Еркетай» бөбекжай-
балабақшасының әдіскері
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы*

XXI ғасырда жаңа технологиялардың дамуына байланысты қоғамға өзекті мәселелерді стандартты емес түрде шешуге, өмірдің барлық салаларына жаңа мазмұн енгізуге қабілетті адамдар қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің мақсаты да осыны көздейді. Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қиялын шыңдаудың, сөйлеуін дамытудың, шығармашылық қабілеттерін, креативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытудың маңызы зор.

Қазіргі балалар белсенді ақпараттандыру, компьютерлендіру дәуірінде өмір сүреді. Бүгінде мемлекет жоғары зияткерлік мүмкіндіктері бар жоғары білікті мамандарға аса қажеттілікті сезінуде. Болашақ инженерлерді даярлауды ЖОО-да емес, ерте жастан, яғни мектепке дейінгі жастан бастау керек, өйткені балалардың техникалық шығармашылыққа деген қызығушылығы ерекше болады. Осы жас аралығында ойлаудың техникалық

қызығушылығын, аналитикалық ақыл-ойды және басқа да жеке қасиеттерді дамыту аса маңызды болып табылады.

Балабақшадағы құрастыру бұрыннан бар, алайда егер бұрын конструктивті ойлау мен ұсақ моториканы дамытуға басымдық берілсе, енді жаңа стандартқа сәйкес жаңа тәсіл қажет. Балабақшадағы құрастыру іс-әрекеті барлық жастағы балалармен ойын түрінде өткізіледі және қарапайымнан күрделіге дейін жүзеге асырылады. Құрастыру іс-әрекеті – бас пен қолды бірдей жұмыс істеуге талпындырады, сонымен бірге мидың екі жарты бөлігі бірдей жұмыс істейді, бұл баланың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Бала құрастыра отырып, ауызша санауды, санның құрамын қалай меңгергенін, қарапайым арифметикалық амалдарды орындайтынын, әр кезде еріксіз жағдайлар туындайтынын байқамай қалады. Ол өзінің тапқан «қазынасы» туралы бәрінің білгенін қалайды, ендеше баланың сөйлеу тілінің дамуы мен оңай және еркін көпшілік алдында сөйлей білу дегеніміз осы емес пе?

Конструктивті іс-әрекет мектепке дейінгі тәрбиеде маңызды орын алады және күрделі танымдық процесс болып табылады, нәтижесінде балалардың зияткерлік дамуы жүзеге асады: бала практикалық білімді игереді, маңызды белгілерді анықтауға, бөлшектер мен заттар арасында қатынастар мен байланыстар орнатуға үйренеді. Көптеген жағдайларда практикалық зерттеулерде GIGO конструкторлар «инженерияға дейінгі ойлауды» қалыптастыру әдісі ретінде ұсынылады. «Инженер алдындағы ойлау» деген ұғымды Л.И.Миназова енгізді. «Инженерияға дейінгі ойлау» құрылымына рационалды, сезімтал-эмоционалды және аксиологиялық элементтер, есте сақтау, қиял, қабілеттер және т. б. кіреді.

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі даму жағдайы бірқатар өзгерістерге ұшырады. GIGO конструкторлары – бүгінде белгілі және кең таралған педагогикалық жүйелердің бірі болып табылады. GIGO конструкторын қолданудың артықшылығы мен болашағын оның білім берудегі жоғары мүмкіндіктерімен түсіндіруге болады: әмбебаптығы, техникалық және эстетикалық сипаттамалары, әртүрлі ойын және оқу аймақтарында қолданылуы. Сонымен бірге, GIGO конструкторларды қолданудың артықшылығы ретінде – оның *жаңартылған білім беру мазмұны талаптарына* толық жауап бере алатындығын айтуға болады. *4K моделі* бойынша балалардың коммуникативтілік, командамен жұмыс істеу, сын тұрғысына ойлау, креативтілік дағдылары қалыптасады. Алгоритм бойынша тапсырмаларды орындау, қажетті құралдарды таңдау кезінде *бала үшін* қолдануға мүмкіндік зор. ҰОҚ-нің негізгі бөлімінде балалар өз беттерінше жұмыс істеп отырғанда *бақылау, саралап оқыту* жүзеге асырылады.

GIGO конструкторы ойын және эксперимент элементтерін біріктіреді, онымен жұмыс істеу барысында балалардың әртүрлі бұлшықет топтары, қол моторикасы, танымдық белсенділіктері, эмоционалды-еріктік қасиеттері, сонымен қатар шығармашылық қабілеттері де дамиды. Баланың құрастыру іс-әрекетінің екі негізі бағыттары – білім беру және тәрбие бағыттарына тоқталатын болсақ, олар төмендегідей:

✓ математикалық қабілеттердің дамуы – бала өлшемі, түсі, конфигурациясы бойынша қажетті бөлшектерді таңдайды, есептейді;

✓ сөйлеу және коммуникациялық дағдылардың дамуы – бала сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырады, құрылыс барысында ересектермен байланыс құрады, әртүрлі тақырыптар туралы нақты сұрақтар қояды, олардың қасиеттерін нақтылайды;

✓ түзету жұмыстары – жалпы баланың дамуына оң әсерін береді (ұсақ моторика, есте сақтау, зейін, логикалық және кеңістіктік ойлау, шығармашылық қабілеттер және т.б. дамиды);

✓ тәрбие жұмысы – басқа балалармен және ересектермен бірге ойнау балаға ұйымшыл, тәртіпті, мақсат қоя білетін, эмоционалды тұрақты және тиімді болуға көмектеседі, осылайша баланы мектепке дайындау процесінде де оң септігін тигізеді.

GIGO конструктормен жұмыс істеу барысында мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшеліктері міндетті түрде ескерілуі тиіс. 3-4 жастағы балаларда үлкен элементтері бар GIGO – жиынтықтары және бөлшектердің қарапайым қосылыстары қолданылады. 4-5 жастағы балалармен құрастыру күрделене түседі, орташа өлшемді элементтер қолданылады, бөлшектерді қосудың күрделі нұсқалары қолданылады. Ересек топта түрлі-түсті фотосуреттер мен балалар құрылысты аяқтауы керек модельдердің суреттері бар суреттер қолданылады. Ал 5 жастағы балаларға техникалық шығармашылық үшін қарапайым элементтері бар үлкен элементтерден бастап күрделі техникасына дейін болатын миниатюраларға дейін GIGO конструктордың әртүрлі түрлері ұсынылады. Ересек жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста графикалық сызбалар түрінде тапсырмаларды, болашақ ғимараттардың күрделі модельдерін, дизайн бойынша жұмысты, жағдайларды, әртүрлі тақырыптық тапсырмаларды қолдануға болады.

GIGO конструкторлары – бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде барлық бес білім салаларын кіріктіріп өткізуге мүмкіндік берсе, баланың жеке жұмыс істеуіне де ыңғайлы болып табылады. GIGO конструктормен өткізілетін балабақшадағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өзіне тән құрылымы бар. Ұйымдастыру кезеңінде 5 минут көлемінде ойын түрінде өткізілетін ынталандырушы бастама болып табылады. Негізгі кезең – ҰОҚ-нің ең белсенді практикалық бөлігі болып табылады, оған келесі қызмет түрлері кіреді: үлгіні көрсету, педагогтің қадам бойынша нұсқаулығын түсіндіру, карта схемасын талдау; үлгі, схема немесе шығармашылық қиял бойынша балалардың өзіндік жұмысы, бұл жерде мектеп жасына дейінгі балалар жеке, жұптық немесе шағын топ құрамында жұмыс істей алады; баланың тынығып, демалуына мүмкіндік беретін дене шынықтыру минуттары, ашық ойындар, саусақ немесе тыныс алу гимнастикасын өткізу қарастырылған.

Қорытынды кезең – бұл рефлексия, яғни баланың жұмыс орындарын тазалау, балалар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру. Талдау жасау келесі критерийлерді ескере отырып жүргізіледі: дәлдік, симметрия, тұтастық және құрылымның тартымды көрінісі; техникалық біліктер мен дағдылар; баланың өз бетінше орындалған жұмысының дәрежесі; жұмыс істеу барысындағы

мақсаттылық, тәртіптілік, еңбексүйгіштік, жолдастық сезімі және эмоциялық жауапкершілік.

Бірінші кезеңде балаларды GIGO конструкторымен, оның түрлері және қасиеттерімен таныстырдым. Біз конструкторды егжей-тегжейлі зерттедік: өлшемі, пішіні, түсін салыстырдық. Балалар бөлшектерді бекіту технологиясын бірлесіп талқылады: үшбұрыш, тіктөртбұрыш, көпбұрыш пішіндерін қолдана отырып, жұмыс түрін таңдау мен ауыстыруды негіздеп, көп еңбекті қажет ететін жұмыстан қарапайым жұмысқа дейін алмастыруды үйренді. Балалар алғашқы ғимараттарды үлкен конструктордың көрнекі моделінің көмегімен жасады. Балалар жұмысқа үлкен қызығушылықпен кірісе отырып орындады. Құрылыс үшін қажетті бөлшектерді пішіні мен түсі бойынша таңдалды. Балалар жұмыс орнында жұмысқа арналған материалдарды өз бетінше орналастыруды үйренді, сызбаны талдауды меңгерді, өлшемдердің сәйкестігін тексеріп, бөліктердегі түймелерді санады. Біз өз жұмысымызды қарапайым қоршаулар, үй жануарларының қоршаулары, мұнаралар, көпірлер, автомобиль жолдары, қуыршақ жиһаздарын жасаудан бастадық. Біздің мақсатымыз балаларға бөлшектерді іс жүзінде бекітуге үйрету болды.

Конструктормен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін және конструктордың алғашқы бірлескен тәжірибелерінен кейін балалар GIGO конструкторымен жиі ойнай бастады және оны ойын ретінде ғана емес, сонымен қатар рөлдік ойындарға қосымша әдіс ретінде де қолдана білді.

Жұмыстың келесі кезеңінде балалармен GIGO конструктормен айналысып, құрылыс сызбаларын енгізу арқылы жұмысты қиындаттым. Схемалар бойынша тапсырмалар көп назар аударуды және нақты келісілген әрекеттерді қажет етеді, әрине, олар балалар үшін визуалды модель бойынша құрастырудан гөрі күрделі, бірақ олар балалардағы іс-әрекеттің тәуелсіздігін дамытады. Ынтымақтастық дағдыларын дамытты. Біз серіктестерді таңдауды, материалды дайындаудағы жұмысты бір-бірімен бөлуді, құрастырылған схемаларға сәйкес ғимарат құру кезіндегі әрекеттерді үйлестіруді және ғимараттың дұрыс орындалуын бірлесіп тексеруді үйрендік. Егер қателер табылса, оларды жоюды үйрендік.

Жұмыс әртүрлі тақырыптық блоктар бойынша жүргізілді: «Көлік» – «хайуанаттар бағы» – «күлкілі Роботтар» – «ғарыш» және т.б. Мысалы, «көлік» тақырыптық блогында жұмыс істей отырып, балалар техниканың әртүрлі түрлерімен және олардың конструктивтік ерекшеліктерімен танысты. Олар көлікті түрлері бойынша жіктеді, әртүрлі көлік түрлеріне мысалдар келтірді, адамдар өмірінде әртүрлі машиналарды қолдану және қолдану функцияларын анықтады. Олар әртүрлі көлік түрлерін үлгі бойынша және өздігінен модельдеді, бөлшектерді пішіні мен түсі бойынша саналы түрде таңдады, машиналар жасау кезінде әрекеттерді таңдауды жоспарлады және талқылады, олардың әрекеттерін талдады, егер олар қателерді тапса, оларды түзетеді. «Зообак» блогында жануарларға арналған қоршаулар салынды, оларды ойындарда қолданды, сурет-сызбаны талдады.

Бастапқы техникалық модельдеу оқу қызметтерінде қызығушылықты сақтау үшін біз ҰОҚ-ін өткізудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолдандық:

- балалар модельдеу объектілері туралы ақпаратты ала алатын әңгімелер;
- балаларға тапсырманы ұсынылған ретпен орындауға мүмкіндік беретін үлгі бойынша жұмыс (белгілі бір дағдылар мен дағдыларды қолдана отырып, схема бойынша);

- теориялық білімді бекіту және өзінің ұмытылмас жаңалықтарын жүзеге асыру үшін дербес жобалау;

- ұжымдық жұмыс, онда балалар барлығы бірге топпен, жұппен жұмыс істей алады.

GIGO конструкторымен жұмысты ұйымдастырған кезде ойын, жұмыс және оқытуды біріктіру қажет, бұл өз кезегінде, танымдық, практикалық және ойын міндеттерін шешудің бірлігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазіргі уақытта біздің топтың балалары (5-6 жас) енін, ұзындығын, биіктігін өлшеу мүмкіндігін игерді. Конструктивті есептерді көзбен шеше алады. Олар объектілерді әртүрлі кеңістіктік позицияларда ұсынуды, олардың өзара орналасуын ойша өзгерте білуге, осылайша бейнелі ойлауды дамытуды үйренді. Сонымен қатар, балалардың логикалық ойлауды дамытуға ерекше назар аударылды.

Біз балаларға конструкцияларды дұрыс жасауды үйрете білдік деген қорытындыға келдік. Бұл бізге балалардың бойында құрастыру және инженерияға дейінгі ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Жұмыс істеу барысында конструкторды қолдана отырып, біз балаларға қарапайым, түсінікті және қызықты міндеттерді қоя білуді үйреттік.

GIGO конструкторлармен жұмыс істеу балаларға шығармашылық тұрғыдан ойлауға көмектеседі, әсіресе, 4К моделі бойынша командада жұмыс істеуді үйретеді. Бұл жүйе балаларға мәселелерді және сол мәселенің өз шешімін табуға мүмкіндік беретін құралдарды ұсынады. GIGO конструктор-баланы тәрбиелеу және дамыту мәселесін шешуде педагогтер мен отбасының күш-жігерін біріктіруге көмектесетін тиімді тәрбиелік құрал, болашағы зор инновациялық технологиялардың бірі.

GIGO конструктордың арқасында балалар ойлау процестерін белсендірді, қойылған міндеттерді шығармашылық шешуге қызығушылық туды, тапқырлық, тәуелсіздік, бастамашылдық дамыды. Көптеген жағымды эмоциялар пайда болды, құрдастарымен қарым-қатынас жақсарды. Балалар қажет болғандықтан емес, қызықты болғандықтан, яғни бала өз нәрсесін жасағысы келгендіктен құрастыра білді.

Осылайша, GIGO конструкторды мақсатты түрде пайдалану арқылы баланың логикалық ойлау элементтерінің қарқынды дамуына және балалардың көрнекі модельдеуге, сонымен бірге «инженерияға дейінгі ойлау» дағдыларын қалыптастырады деп қорытынды жасауға болады. Баланың қоғамдағы әлеуметтену шекарасын кеңейту, танымдық қызметін жандандыру, өзінің жетістіктерін көрсету үшін ғана емес, сонымен бірге, мектеп жасына дейінгі балаға инженерлік-техникалық бағыттағы мамандықтарды насихаттауға бағытталған кәсіби бағдар беру жұмысының негізін қалайды.

GIGO конструктор – жаңа технология,
GIGO конструктор – заман талабы.
GIGO конструктор – заманауи технология,
GIGO конструктор - инновация ғасыры!

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы);
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығы;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы);
4. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы». Тыңдаушыға арналған нұсқаулық, Астана 2019 ж;
5. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы». Жұмыс дәптері. Астана 2019 ж;
6. «Оқыту-инженерлік кешені», «Кішкентай әртіс» модулі, 2021 жыл;
7. Фешина Е.В. «Конструирование в детском саду» - М.: ТЦ «СФЕРА», 2012г.
8. Комарова Л.Г. Строим из Lego (моделирование логических отношений и объектов реального мира средствами конструктора Lego). – М.: «ЛИНКА-ПРЕСС», 2001г;
9. Куцакова Л.В. Конструирование и ручной труд в детском саду: Пособие для воспитателя дет.сада: Из опыта работы. - М.: Просвещение, 1990.
10. Лиштван З.В. Конструирование: Пособие для воспитателей детского сада. — М.: Просвещение, 1981.
11. О. В. Дыбина, Творим, изменяем, преобразуем / О. В. Дыбина. – М.: Творческий центр «Сфера», 2002 г.
12. Флерина Е. А. Игра и игрушка. Пособие для воспитателя детского сада/Под редакцией Д. В. Менджерицкой, М. Просвещение, 1973
13. Парамонова Л.А. Детское творческое конструирование – М., Издательство «Карапуз», 1999
14. Косминская В.Б. и др. Теория и методика изобразительной деятельности в детском саду: Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов / В.Б.Косминская, Е.И.Васильева, Н.Б.Халезова и др. — М.: Просвещение, 1977 г.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

*Ингенбаева Ернат Капановна
«Арман» балалар бақшасының тәрбиешісі
Бақбақты ауылы
Алматы облысы Балқаш ауданы*

Еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толу қарсаңында аса көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин туралы айтпай кету мүмкін емес.

ҚР Тұңғыш Президенті–Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауларында және өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Ұлттық бірегейліктің сақталуы, қоғамдық сананы жаңғырту, ұлттық кодымызды сақтау, яғни ана тілін, ұлттық дәстүр, ұлттық сана-сезім, ұлттық болмыс, әдет-ғұрып, мәдениет, музыка, әдебиет, өнерді қастерлеу» - деп атап көрсеткен.

Біздің болашағымыз бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз абзал. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал– оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын жүзеге асыру. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс-әрекетті оңтайландыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы ой пікірлерін зерделеу, сипаттаудың, таразылаудың, жинақтаудың, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізудің маңызы зор.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазанның 20-шы жұлдызында Қостанай облысының Затобол ауданында дүниеге келген.

1850 жылы 22-тамыз күні, Орынбор қаласында мектеп ашылады, оған қазақтың 30 баласы алынды, солардың бірі тоғыз жасар Ыбырай болды. Ыбырай Алтынсарин бұл мектепті жеті жыл оқып, 1857 жылы тәмәмдайды.

Ыбырай Алтынсариннің Торғайдағы нағашылары Шеген би әулетімен оған қолдау көрсетіп, Балқожа би немересінен аянып қалмайды.

«Балаң мектептің ірге тасын көтеріп жатыр» дегенді естіген Ыбырай Алтынсариннің атасы Балқожа би үйірлеп жылқы айдатып, 500 шақырым жердегі Аманқарағай деген жерден бөренелер тиетіп жатыпты дейді естеліктерде. Мектеп құрлысы жоғары жақ тарапынан онша қолдау көрмей, кешеуілдеп жатса да, ұлы ұстаз мектеп үйінің әр кірпішін өз қолымен қалап, сан қиыншылықтардан соң, алға қойған мақсаттарына жетеді. 1864 жылы Торғай қаласында алғашқы қазақ мектебі де ашылады. Бойындағы бар білімін сол уақыттардағы алдыңғы педагогика үрдісі негізіне ыңғайластыра жоспарлай отырып, жаңа оқыту жүйесімен жұмыс істеуді мақсат етеді.

Бастысы, оқуды ана тілінде жүргізіп, оқушылардың ынтасы мен қызығушылығына бағыттай отырып, тәрбиелей оқытуды көздейді.

«Қарағым, мұнда жүрсең нетер едің?

Қолыңа құрықалып кетер едің!

Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргеннен не мұратқа жетер едің?», - деп, атасы Балғожа би айтқандай, Ыбырай Алтынсарин бүкіл бір халықтың маңдайына біткен жарық жұлдызы болды. Ы.Алтынсариннің демократиялық - ағартушылық бағыты, оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты.

Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнады.

Екіншіден, ұстаз тәлімгерлер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми - әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді.

Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан - жақты қамтып жазуға жұмсады. Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнап мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдерді даярлауға аса зор мән берген.

Ол мектептегі ең басты тұлға – мұғалім деп есептеген. Жақсылап салынған мектеп үйі, болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы деп көрегендік танытқан.

«Халық мектептері үшін ең керектісі - оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», -деп мұғалімді жоғары бағалады.

Елде мектептер саны өсіп, мақсаттарына біртіндеп аяқ басып келе жатқан ағартушыға енді, жаңа мектептерге, жаңаша көзқараста білім мен тәрбие беретін мұғалімдер қажет болады. Осыған орай, Орал қаласында тұңғыш мұғалімдер даярлайтын мектептің ашылуы да заңдылық еді.

Ы. Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына сапарлап барып, орыстардың ағартушылық жүйесін, озық ойлы педагогтардың еңбектерін етене зерттейді. Білім мен ізденістің биігінде жүріп, өзі құрастырған алғашқы оқулықтан соң, екі төл оқу құралы – «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйрету бастауыш құралын» баспадан шығарады.

